

Мектептегі мерекелер №5 (155) 2021 тәрбие жұмыстарының сценарийлері

Журнал 2006 жылдың қаңтар айынан бастап екі айда бір рет рет қазақ тілінде шыға бастады.
2011 жылдан бастап ай сайын шығады

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал)

МАЗМҰНЫ

С. Бекбауқызы. Наурыз мерекесі	3
Д. Касанова. Поэзиямен егіз болған Мұқағали.....	5
У. Давыдов, Г. Камбарова, Б. Айтбай. 101 ән	7
Т. Балтабекова. Жігіт сұлтаны	9
Д. Жубатова. Кітап – сенің ақылгөй, адал досың.....	12
Э. Исмаилова. Бала – әлемнің сәні, өмірдің мәні	15
Ж. Мамбетова. Көркейе бер, әсем қала – Оралым!.....	17
Т. Мухамбеткалиева. Кәсіптік бағдар – болашақ кепілі	19
А. Бельгибаева. Қош бол, даярлық.....	22
Д. Амангелді. Дәрумендер – денсаулық кепілі.....	26
А. Абугалиева. Таңғажайып, алтын күз!	29
Ж. Сейтова. Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастыру.....	31
Ә. Боранқұлова. Берекелі шаңырақ.....	34
И. Бупина. Аналар – асыл жандар	35
Г. Жумағалиева. Ана – өмір гүлі	36
Оқушылар шығармашылығы.....	39

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

«Мектептегі мерекелер:
тәрбие жұмыстарының
сценарийлері» журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, № 10966-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75489

Басуға қол қойылды
08.05. 2021 ж.
Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 326.

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<Print House GERONA>>
баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі
30А/3, 124-кеңсе.
Тел.: (727) 250 47 40.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Табылдиев Әдібай –
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор,
Алматы қаласы.

Кіршібаева Райхан –
әл-Фараби атындағы
№145 жалпы білім беретін
мектеп директорының
тәрбие жұмысы жөніндегі
орынбасары,
Алматы қаласы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде CD дискіге жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөнізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Наурыз мерекесі



**Сандуғаш
БЕКБАУҚЫЗЫ,**
«Zerdesh» зияткерлік
мектебінің көркем
еңбек пәні мұғалімі.
Бостандық ауданы,
Алматы қаласы.

1-жүргізуші:

Ау, жарандар, жарандар!
Қызыққа мына қарандар!
Ұлыс күні жаңаша,
Болыпты бір тамаша.

2-жүргізуші:

Түк татырмас Шығайбай,
Тек Алдардан ығар бай,
Мырза болып көл-көсір,
Өнерді бір шығарды-ай.

1-жүргізуші:

Оңға да, солға да шашылды, төгілді,
Бүгінгі мейрамда Шығайбай көңілді.
Бұрынғы өмірмен шорт кесіп құй-
рықты,

Бастамақ қайтадан жаңаша өмірді.

2-жүргізуші:

Бұрынғы әдетпен,
Алдауға, сынауға.
Бермесе байғұстан,
Өңешін бұрауға,
Алдар да кеп жетті.

1-жүргізуші:

Ал, енді, караса,
Бұл неткен тамаша.
Шық бермес Шығайбай,
Бәйбіше, қызымен,
Қарсы алды таласа.

Алдар: Уа, кім бар екен! Құдайы қонақпыз!

Шығайбай: Қош келдің, қош келдің қонағым!

Алдар: Ассалаумалейкум, байеке!

Шығайбай: Уағалейкумассалам!
(Екеуі төс түйістіріп амандасады).

Алдар: Ұлыс оң болсын, байеке, ақ мол болсын!

- Бірге болсын! Әй, бәйбіше, Алдекең келді, құтты қонақ келді. Қазан көтеріндер, ас салыңыздар!

Бәйбіше: Е, өзіміздің Алдаржан екен ғой. Жоғары шық, төрлет. Бізбикежан, қонақ келді. Көрпе төсе, сусын әкел.

(Бізбике көрпе төсейді, екеуі төрге шығып отырады).

Шығайбай: Ал, Алдеке, көптен көрінбей кеттің. Аман саусың ба? Мал-жан аман ба? Не жаңалығың бар, айта отыр?

Алдар: Жаңалығым сол, жер-жерде жұрт Наурызды тойлап жатыр екен. Елдің еңсесі биік, соған қуанам.

Шығайбай: Иә, Наурыз — құт-береке дарыған той ғой, ылайым солай болғай.

Міне, сусын ала отыр, Алдеке.

(Бізбике айран әкеліп, қонақтарға ұсынады).

Шығайбай: Өзіңнің әзілінді сағындым, бір нәрсе айтып, көңілімізді бір серпілтіп тастасаңшы.

Алдар: Не жайлы айтсам екен? (Айранға қарап) Өкпелеп қалмайсың ба?

Шығайбай: О, не дегенің? Ұлыс күні өкпе-наз деген бола ма?

Алдар: Ендеше, мына айран туралы болсын:

(Тамағын кенеп).

Мынау тұрған айран,
Кез болдың маған қайдан?
Бәйбішеге жолығып,
Айрылыпсың-ау — майдан.
Қанша сенің, айран,
«Коммерческий» баған?
Шөліркеп отырған аған,
Е, қайран айран?

Шығайбай: Өй, Алдеке, тілің әлі
өткір ғой, шіркін! Түк өзгермепсің, ә!

Бәйбіше, тезірек асты қамдаңыздар,
қонақтардың қарны ашқан шығар.

(Дастархан жайылып, тағамдар қойылады).

Шығайбай: Дәм алыңыздар, қонақтар!
Қош келдіңіздер!

Бәйбіше: Наурыз — молшылықтың,
берекенің тойы. Наурыз күні әр адам
төріне дастархан жайып, бар жылы-
жұмсағын дастарханға қояды. Шаңы-
раққа келген барлық қонақ дастархан-
нан дәм татып, ақ батасын береді.

Міне, мынау таба нан,
Қасиетті күшті қара нан.
Өмірдің нәрін сіңіріп,
Мирас болған бабадан.
Ауыз тисін алдымен,
Бастайық үлкен анадан.

(Залдағы үлкен кісіге наннан ауыз тигізеді).

Бізбике:

Құрт, бауырсақ тағы бар,
Қызылы бар, ағы бар.
Баласы қайда бұл тойдың,
Алыңдар қане, алыңдар!

(Балаларға бауырсақ шашады).

Алдар: Қазақта «Қонақ кәде» деген
болады. Мойнымызда қарыз болып
қалмасын, содан құтылайық. Мына

жолдасым жақсы ән айтып берсін.

(Сахнада наурыз тойы жайлы ән орындалады).

«Дастархан» әні шырқалады.

Шығайбай: Бәрекелді, жарайсыңдар
жігіттер! Қызым, өнерден бізде құр
алақан емес едік қой. Сенде ауылдың
«алтыауызын» шырқатып жібер.

Бізбике: Мен ағалардың өнеріне
тәнті болдым. Құрметті қонақтарға
арнап, мына үлкен тойдың көрермен-
деріне арнап би билеп берейін. Қабыл
алыңыздар.

(Жайлы ырғақтағы әнге қазақ биі биленеді).

«Бала тілегі» әні орындалады.

Бәйбіше: Бұл — Наурыз көже — қа-
сиетті ас. Бұған жеті түрлі тағам қоса-
ды. Ауыз тиіңіздер, бәріңізде! *(Алды-
мен өзі ішіп көріп)* Бұл көжеде еліміздің
ақ ниеті бар екен.

Шығайбай: Сезімнің шыңы — адал-
дық бар екен.

Алдар: Өмірдің нұры — адамдық бар
екен.

Алдардың жолдасы: Анаға біткен
мейірім бар екен.

Бізбике: Әкеге біткен қайрат бар
екен.

1-жүргізуші: Балаға біткен қарыз бар
екен.

2-жүргізуші: Ерге біткен парыз бар
екен.

Бәйбіше: Қос қанатты арман бар
екен.

Уа, халайық, халайық! Ауыз тиің-
дер, қалмаңдар!

«Наурыз, наурыз» әні орындалады.

Поэзиямен егіз болған Мұқағали

Мақсаты: ақынның өрісті ой, өшпес көркем мұрасын насихаттау, ақынды еске алу, оқушыларға ұлттық, адамгершілік, эстетикалық тәрбие беру, оқушының мәнерлеп оқу шеберлігін шыңдау.

Барысы.

1-жүргізуші:

Сырым да — осы,
Жырым да — осы,
Алдында.
Байқашы бір
Бықсыдым ба, жандым ба?
Махандар жоқ,
Махандардың сарқыты —

Мұқағали Мақатаев бар мұнда, - деп бір күндік сәуледей ағып өткен қысқа ғұмырында М. Мақатаев ұрпақтарға ұлан-ғайыр мұра қалдырып кеткені баршамызға мәлім.

- Бүгін біз сіздермен айтулы, дара ақын, халқының қара өлеңін құдіретке айналдырған Мұқағали өлеңдері бойынша мәнерлеп оқу кешінде бас қосып отырмыз.

Талантты тұлға Мұқағалидің өмір жолы әр алуан. Оны біріміз білсек, біріміз біле бермейміз. Енді бір сәт ақынның өмір деректеріне жүгінейік...

(Слайд көрсете отырып баяндау)

2-жүргізуші:

Поэзия!

Менімен егіз бе едің?

Сен мені сезесің бе, неге іздедім?

Алауыртқан тандардан сені іздедім,

Қарауытқан таулардан сені іздедім.

Саф алмастай поэзиясын бір елдің

мұрасындай етіп қалдыра білген ақынның өлеңдері өзі айтқандай талай болашақтарға көшеді.

1-оқушы:

Ғашықпын!

Ғашықпын! Шын ғашықпын сол адамға!

Мен болмасам, болмайын. Сол аман ба?!

О, тәңірім! Неткен жан қайрылмайтын!

Жүрегі еттен бе әлде қоладан ба?!

Ғашықпын. Қайтіп оны жасыра алам,
Бір алтын оның әр тал шашы маған.
Сағынайын, таусыла сағынайын,
Сағынышқа жаралған ғашық адам.

2-оқушы:

Шарықтап, қолым жетпес көкте Күнге,

Ақ қанат құсым менің кеткенің бе?

Шарқ ұрып бар ғаламды шыр айналып,

Мәңгілік сені іздеумен өткенім бе?

Сарғайған сағынышты басып толық,
Бар үміт, бар сенімді шашып болып.

Өтермін сірә да мен бұл өмірден,

Мәңгілік қалармын мен ғашық болып.

3-оқушы:

Үш бақытым

Ең бірінші бақытым — Халқым менің,

Соған берем ойымның алтын кенін.

Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,

Қымбатырақ алтыннан нарқым менің.

Ал екінші бақытым — Тілім менің,
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.
Кей-кейде дүниеден түңілсем де,
Қасиетті тілімнен түңілмедім.

4-оқушы:

Бақытым бар үшінші — Отан деген,
Құдай деген кім десе, Отан дер ем!
... Оты сөнген жалғанда жан барсың
ба?

Ойланбай-ақ кел дағы от ал менен.
Түтін түтет,
Өс, өрбі, көгере бер,
Немерелер көбейсін, шөберелер.
Жадында ұста:
Жақсылық күтпегейсің!
От емес, оқ сұрасаң менен егер!
Үш бірдей бақытым бар алақанда,
(Мені мұндай бақытты жаратар ма?!)
Үш күн нұрын төгеді аспанымнан,
Атырау, Алтай, Арқа, Алатауға!!!

1-жүргізуші:

1. Мұқағали қай жылы, қай жерде
дүниеге келген?

2. Бүгінгі сайыс барысында ақын
өлеңдеріне жазылған қандай үш ән
айтылды?

3. Ақынның қай жинағына 1999
жылы ҚР Мемлекеттік сыйлығы
берілді?

4. Мұқағали қазақтың қай ақын
қызына арнап өлең хат жазды?

(Оқушылардың жауабы)

2-жүргізуші:

Ән сал, жаным!

Әніңмен тербет мені

Бір сәтке тынсын, тіршілік жер
көктегі

Ақынның ғұмырлы поэзиясы
бүгінде әнге айналып, көкке
қалықтайды. Оның сөзіне жазылған
әндер бүгінгі таңда барша жұрттың

жүрегінен берік орын алып, қуанышы
мен қайғысын бөлісетін айнымас жан
серігіне айналды.

5-оқушы:

Ей, өмір!

Дүниенің ағын да, қарасын да,
Мыңқ етпейсін, қабылдап аласың да.
Қарасымен шамаң жоқ таласуға,
Ей, өмірім, зымырап барасың ба?
Жер мен көктің желпініп арасында,
Желігесің, түсесің қара суға.
Құйын қуған қаңбақтай аласұра,
Ей, өмірім, зымырап барасың ба?
Мен отырмын теңіздің жағасында,
Бересім де жоқ оған, аласым да.
Мені тастап, толқындар, ағасың ба?
Толқынданып, өмірім, барасың ба?
Шаң шығарып ізінен құйындаған,
Барасың ба, өмірім, қиындаған?
Сыйын маған,
Ей, өмір, сыйын маған,
Сыйынды алам мен сенің бұйырмаған

Тәрбиеші:

Аузын ашса, жүрегі көрінетін,
Көмейінен отты жыр төгілетін,
Қайран Мұқа, аруақты ақынсың ғой.
Қас тұлпардай жер тартып тебінетін.
Бейнет кешіп жасыңның
жастығында,

Көрдің талай пақырдың қастығында.
Мазак қылды-ау біреулер іші күйіп,
Сәттеріңді айналған тас тұғырға.
Қазақ талай қазақпен кектеседі,
Керек емес біреудің от көсеуі.
Тілден безіп жүргендер бір сөзіңнің,
Дәмін алса ешқайда кетпес еді.

Ақиық ақынның ұрпаққа ұран болған
жырларын елі де, ақынның ой мен
сезім астасқан жырларын жаттаған жас
қауым да ешқашан естен шығармайды
деп сенеміз. Осымен біздің кешіміз де
өз мәресіне жетіп қалды. Ақынның

өлеңдері адам баласына қандай сезім береді деп ойлайсыздар?

Әр айтылған өлеңдерін талқылап, түсініп көрейікші.

(Оқушылардың жауабы)

Өмірге-өмір жалғасып,
Анамыз жерге жармасып,
Бірде адам, бірде қайың боп,
Сүрейік өмір алмасып... деп
ақын атамыздың сөзімен кешімізді

аяқтаймыз. Алдағы уақытта талай ақындарымыздың кеші өтіп, шығармаларымен танысамыз деген үміттемін.

Динара Темиржановна КАСАНОВА,
Зерде бұзылыстары бар балаларға
арналған арнайы облыстық колледж,
мектеп-интернатының тәрбиешісі.

Орал қаласы,
Батыс Қазақстан облысы.

101 ән

Мақсаты: жастарға қазақ фильмдердегі әндерді тыңдату. Қазақтың эстрадалық және классикалық музыкасымен сусындату.

Өткізілу орны: «Балдәурен» РОСО филиалы, АКТ залы.

Өткізілу түрі: музыкалық танымдық ойын.

Қажетті жабдықтар: моноблок, микрофон, гүлдер, шарлар.

Іс-шараның барысы:

Жүргізуші: Қайырлы кеш, қымбатты оқушылар мен аяулы ұстаздар, қадірлі қонақтар! «101 ән» байқауына қош келіпсіздер! Музыка адам жанын жадыратып, жалындатуға тиіс. Себебі музыка — сиқырдың күшті түрі.

«Музыка — жүрек тілі, ол — сезімдер мен көңіл-күй әлемі. Ол дыбыстар арқылы бейнеленген жан сарайы. Егер сен музыканы түсініп, сүйгің келсе — оны ыждағаттықпен тыңдай біл!»

(Александр Викторович Затаевич туралы бейнебаян көрсетіледі)

Міне, А. Затаевичтің дала-даланы кезіп, жол қиындықтарына қарамай, қазақтың 1000 әнін нотаға түсірген екен.

Ендеше, әр түрлі жанрдағы «101 ән» деп аталатын байқауымызды бастауға рұқсат етіңіздер. Байқауға 3 топ қатысады:

1) Ойынды бірінші болып бастайтын бейбітшіліктің символы болған «**Көгершін**» тобын қарсы алыңыздар!

2) Алдарыңызда биіктерге самғайтын, қанаттары талмайтын «**Қарлығаш**» тобын қошеметпен қарсы аламыз!

3) Сыңғырлатып ән салатын «**Бұлбұл**» тобын қарсы алыңыздар!

- Ал енді, ойынның бөлімдерімен таныстырып өтейін.

Ойын 4 бөлімнен құралады:

I бөлім: «Топжарған»;

II бөлім. «Әуенді тап»;

III бөлім. «Ән жарысы»;

IV бөлім. «Ән байқауы».

Жүргізуші: Бүгінгі ойынымызды дара лап саралайтын әділ қазылар алқасымен таныс болыңыздар.

Ал, ойынды бастайық,
Тыныштықты сақтайық.
Шырқап әнге салайық,
Әлемнің барлық тілінде - деп, «Топ-
жарған» бөлімін бастаймыз.

I бөлім: «Топжарған».

Ойынның шарты: Алдарыңызда 4
профиль берілген, (профильдерді
атау) әр профильде сұрақтар бар.
Ойынды «**Көгершін**» тобы бастайды.
Жауап болмаған жағдайда, қарсылас
командаға жауап беру мүмкіндігі
беріледі. Әрбір дұрыс жауапқа 10
ұпайдан беріледі. Жауап толық
болмаған жағдайда жартылай, яғни 5
ұпай беріледі.

I Кинофильмдер:

- 1) Менің атым Қожа «Саржайлау»
әні;
- 2) Тақиялы періште «Одиссей» әні;
- 3) Кавказская пленница «Белый
медведь».

II Күйлер:

- 1) Құрманғазының «Адай» күйі;
- 2) С. Тұрысбековтың «Көңіл толқы-
ны» күйі;
- 3) Ә. Желдібаевтың «Ерке сылқым»
күйі.

III Опера әншілері:

- 1) Роза Бағланова «Әдемі-ау»;
- 2) Бибігүл Төлегенова «Бұлбұл»;
- 3) Ермек Серкебаев «Слушай».

IV Жұмбақтар:

1. Сексен сегіз тілі бар,
Сан құбылған үні бар.
Ол не екен, біліп ал. (*Фортениано*)
2. Бес жолмен жүреді,
Бар әуенді біледі. (*Нота*)
3. Жіңішке таяқшамен сермеп қал-
са,

Оркестр әнге басар сахнада.

Сикыршы да емес ол, жанглёр да
емес,

Қане, кім біледі, шешімін айт. (*Ди-
рижёр*)

II бөлім. Әуенді тап.

Құлақтан кіріп, бойды алар,
Жақсы ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсең, менше сүй, - деп,
ойынның екінші бөлімін бастаймыз.

Ойынның шарты: Сіздерге эстрада
жұлдыздарының әндерін тыңдатамыз,
сол әнді кім орындайтынын және
әннің атауын табуларыңыз керек.
Әрбір дұрыс жауапқа 10 ұпайдан
беріледі.

«Көгершін» тобына:

«Зама» тобы «Қарақат көзің»;
«Алашұлы» тобы «Батырлар ұраны»;
*Қуандық Рахым және Альбина Шар-
дарова «Болайық бірге».*

«Қарлығаш» тобына:

Меломен тобы «Сүйгенім бол»;
Нұрғали Нүсіпжанов «Алатау»;
Олжас Абай «Қабағынды түйме».

«Бұлбұл» тобына:

Қанат Үмбетов, Әлия Әбікенова
«Жанымда бол»;

Арман Дүйсенов, Динара Қырық-
баева «Ұстазым менің»;

Роза Рымбаева «Атамекен».

Жүргізуші: Ал енді, екі бөлім бо-
йынша үш топтың ұпай сандарын әділ
қазылар алқасынан сұрап өтсек.

**III бөлім. Ән жарысы (әріптерден
құралған)**

Ойынның шарты: Экранда әріптер
3 командаға рет-ретімен шығады.
Сол әріптен басталатын әнді тауып,

айтып берулеріңіз керек. Әрбір дұрыс жауапқа 10 ұпайдан беріледі.

IV бөлім. Ән байқауы.

Ойынның шарты: Сіздерге «Ялла» тобының «На востоке» әні ұсынылады. Бұл ән үш куплеттен құралған. Әр топ 1 куплет, 1 қайырмасын айтып шығу керек. Бұл бөлім ән байқауы болғандықтан әнді бұзбай, нотадан ауытқымай айту керек.

Жүргізуші: Әділ қазылар алқасы жалпы ойынның шешімін шығарғанша көрермендермен ойын жүргіземіз. Сіздерге әр түрлі ұлт өкілдерінің музыкасын тыңдатамыз. Тыңдап болған соң, қай елдің әуені екенін тауып айтасыздар. Түсінікті болса, бастайық.

Іс-шараны қорытындылап, марапаттау жүргізу үшін білім кешенінің меңгерушісі Умирзахов Есқали Қалдыбекұлын шақырамыз.

Жүргізуші: Балдәуренде қалыптасқан дәстүр бойынша қонақтарымызды шығарып саламыз.

Усан Мамадалиевич ДАВЫДОВ,
орыс тілі пәнінің мұғалімі.
Гульжан Мухаметалиқызы
КАМБАРОВА,
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі.
Батыр Хусанбайұлы АЙТБАЙ,
математика пәнінің мұғалімі.
«Балдәурен» Республикалық
оқу-сауықтыру орталық филиалы.
Түркістан облысы.

Жігіт сұлтаны

1-жүргізуші: Армысыздар құрметті ұстаздар, қонақтар және оқушылар. Қазақ халқы еркіндікке жету үшін каншама қиын-қыстау кезеңдерді бастан кешірді. Мыңдаған жылдық тарихы бар Қазақстан бүгінгі күні егеменді ел болып, дүние жүзіне танылды. 125-тен аса ұлт өкілдері тұратын осынау қасиетті мекенде, кеңшілігі керемет дархан далада, егіні теңіздей толқыған, төрт түлігі өрбіген, өндірісі өркендеген мекенде өмір сүруші әрбір адам өзінің ұрпағының Отанын жанындай сүйетін, оның көк байрағын көкке көтерген елінің мақтан тұтар азаматтарын өсіруді мақсат етеді.

- Ендеше бүгінгі ұрпақ, болар елдің ертеңі дей келе бүгінгі ер балалардың арасында өткізгелі отырған «Жігіт сұлтаны» сайысына қош келдіңіздер!

2-жүргізуші: Қазақ халқы отбасына ұл баланың келуін «ұл туғанға күн туған» деп ерекше бақыт санаған. Ұл бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген.

Ұлға отыз үйден тыйым, он сан үйден сын демекші ер жігітке айтылар сын да көп, қойылар талап та жоғары болған.

Бүгінгі байқауымызға қатысып отырған ұл балаларымыз өздерінің біліктілігін ақыл парасаттылығын өнер жігерлік сайысында күш сы-

насып, тапқырлықтарын көрсеткелі отыр.

1-жүргізуші: Ұлым!

Сен жігіт болсаң кең тұлғалы,
Алдыңда белгілі көп жол тұрмағы.

Сен шыңға шыдай біл,
Тасқынның қабаттаса толқындары.
Сен ерсің,

Ерлерше сүй Отаныңды,

Жаман сөз естімейік сен туралы, -
деп, бүгінгі байқауымызға қатыскалы
отырған ұл балаларымызды қошемет-
пен ортаға шақырып, сәттілік тілейік.

Сайыскерлер ұлттық бимен ортаға шығады.

(Сайысқа қатысушы талапкерлерді атау, екі жүргізуші кезектесіп айтады).

(Сайыскер ұл балаларымыз өз реттік нөмірін мына дорбадан асық алу арқылы біледі) Балалар дорбадан асық алып, нөмірлерін атайды.

Сайысымыз 5 кезеңнен тұрады:

1. Өзін-өзі таныстыру;
2. «Білімді мыңды жығар, білекті бірді жығар». Сұрақ-жауап сайысы;
3. «Өнерлі өрге жүзер». Өнер сайысы;
4. «Күш атасын танымас». Күш сынастыру сайысы;
5. Үй тапсырмасы «Менің сүйікті кейіпкерім». Сахналық көрініс сайысы.

1-жүргізуші: Енді ұландар өнеріне баға беретін әділ қазыларымызды таныстырып өтейік. *(Әділ қазыларды таныстыру)*

2-жүргізуші:

Ей, тәкаппар дүние,
Маған да бір қарашы.
Танымасың сен мені,

Мен қазақтың баласы, - деп ақын ағаларымыз жырлағандай, сайысымыздың 1-кезеңін «Таныстыру» бөлімінен бастайық. Ұл балаларымызға сәттілік тілейік.

1-кезең. «Өзін-өзі таныстыру»

Әділ қазылар алқасы «Таныстырсам өзімді» бөлімінің бағасын берсеңіздер.

1-жүргізуші: «Еңбек — ердің санаты, Білім — ердің қанаты» демекші адам ақыл-парасатымен сұлу. Ақылды жігіт ата-ананың жанып тұрған шырағы емес пе? Олай болса, келесі кезеңіміз «Білімді мыңды жығар, білекті бірді жығар» атты сұрақ-жауап сайысы.

2-кезең. «Сұрақ-жауап сайысы».

Сайыскерлер ортаға шығып дайындалған сұрақтарға «Алтын сақа» асығын дорба ішінен тандап алу арқылы түскен сұрақтарға жауап береді.

Кезекпен қоржыннан асық алыңыздар.

(Нөмірленген асық бойынша сұрақтарға жауап береді).

1-жүргізуші:

Құлаққа кіріп бойды алар,
Әсем ән мен тәтті күй,
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүй, - деп Абай атамыз айтқандай, келесі кезекті әсем әнге береміз.

2-жүргізуші:

Қазақта Жігіттерді былай деп атаған!

«Көсем Жігіт» — ел басқаратын Жігіт, «Шешен Жігіт» — дау шешетін Жігіт,

«Батыр Жігіт» — еліне қамқор Жігіт,
«Сері Жігіт» — аттың жүйрігін мініп,
иттің алғырын ертіп, мың құбылтып

ән салып, күмбірлете күй тартатын өнерлі Жігіт.

- Олай болса, сері Жігіттеріміздің өнерін тамашаласақ.

3-кезең «Өнер сайысы».

Келесі сайысымыз .«Өнерлі өрге жүзер» деп аталады. Ортаға 1-талапкерімізді шақырамыз. 2, 3, 4, 5, 6.

- Әділ қазылар алқасы, **«Өнерлі өрге жүзер»** шартының бағасын берсеңіздер.

1-жүргізуші:

Ер өнері білінбес,

Қоян қолтық алыспай.

Күш өнері білінбес,

Бәйгеге түсіп жарыспай, - дегендей сайысымыздың келесі шарты «Күш атасын танымас» деп аталады. Бұл кезеңде Жігіттеріміз кір тасын көтеріп, білектесіп күш сынасады. Ендеше, келесі кезең — батылдық пен төзімділікті күштілікті талап ететін «Күш сынастыру» сайысы. Бұл сайысымызды дене тәрбиесі мұғалімі өткізеді.

4-кезең «Күш сынастыру» сайысы.

Ортаға 1-номерлі жігітімізді шақырамыз. 2, 3, 4, 5, 6.

- Әділ қазы алқасы, балаларымыздың бағасын берсеңіздер.

2-жүргізуші:

Аяулысың, мектебімнің асылдары,
Жайнасын көңілдердің жасыл бағы.

Сендер үшін ән менен күй, өлең мен би,

Сендер үшін бүгінгі шашуларым,
- деп **9 «в» сынып оқушылары атынан
Флешмоб биін қабыл алыңыздар.**

1-жүргізуші: Жігітке жеті өнер де аз демекші, келесі сайысымыз үй тапсырмасы **«Менің сүйікті кейіп-**

керім» атты актерлық өнерін байқау сайысы.

Ортаға 1-нөмірлі сайыскерімізді шақырамыз. 2, 3, 4, 5, 6.

5-кезең. «Менің сүйікті кейіпкерім»

Сайыскерлеріміздің бағасын берсеңіздер.

2-жүргізуші: Осымен сайысымыздың 5 кезеңі де орындалды. Ендеше, әділ қазылар алқасы шешімін шығарғанша кезекті тамаша әнге берейік.

«Қазақтың жігіттері» әнін қабыл алыңыздар.

1-жүргізуші: Енді сөз кезегін әділ қазылар алқасына берейік.

Жарысқа қатысқан ер балаларымызды марапаттау, сыйлықтарды табыс ету.

Сайысқа қатысқан ұл балаларымызды құттықтау үшін сөз кезегі мектебіміздің басшысына беріледі.

2-жүргізуші:

Достарым, түсініңдер сөздің нарқын,

Әр кезде бола берсін жүздер жарқын.

Мәңгілік жоғарылап жұлдыздарың,
Бақытқа бөлендерші қазақ халқын.

«Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығады», - демекші, бүгінгі сайысымыз осымен аяқталды.

**Т.К. Балтабекова,
Зерде бұзылыстары бар балаларға
арналған облыстық
арнайы кешен мектеп-интернат
колледжі тәрбиешісі.
Орал қаласы,
Батыс Қазақстан облысы.**

Кітап – сенің ақылғой, адал досың

(23 сәуір – Халықаралық кітап күніне әдеби-сазды тәрбиелік іс-шара)

Мақсаты: Кітап арқылы оқушылардың ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін дамыту. Жас ұрпақ тәрбиесіндегі кітаптың алатын орны ерекше, кітап жан айнасы екенін түсіндіру

Кітап жаман әдеттен аулақ болуға тәрбиелейтінін ұғындыру

Ұйымдастырушылар: аға тәлімгер Д. Жубатова, «Жас Ұлан» ұйымы.

Жүргізушілер: Қымбатты достар! Бүгінгі кітап мерекесіне арналған «Кітап – сенің ақылғой, адал досың» тақырыбында әдеби сазды кешімізге қош келдіңіздер!

Жүргізуші: Дорогие ребята! Мы очень рады приветствовать вас на нашем сегодняшнем литературном часе, посвященном великому творению человечества – Книге.

Аға тәлімгер сөзі: Кітап – рухани қазына, өмір айнасы, замана сыры, тарих шежіресі, оқу тәрбие құралы.

Балалар, бұл жол басы даналыққа,
Келіндер, бәрін байқап қаралықта ...
Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық,

Жүріндер іздеп тауып алалық та ...

1-жүргізуші: Қош келдіңіз, қымбатты досымыз кітап, жоғары шығыңыз.

2-жүргізуші: Кітапты ұстап отырып бүгін менің шығу тарихыма, керектің бәрін менен табатындарыңа, менің сіздерге дос екеніме көз жеткізесіздер.

Кітап туралы көп толғануға болады. Бірде білім нәрімен кенелесің, бірде сонау сиқыршылар әлеміне сапар шегесің, бірде ұялтса, бірде мақтайды,

бүкіл әлем сырын алдыңа жайып саларды.

1-оқушы: Кітап бізге ортақ мүлік. Кітап шығару үшін қағаз керек. Қағаз ағаштан жасалады. Біздің елімізде ағаш өсіретін, оны өңдейтін орман шаруашылықтары бар.

Ағаш, орман халық қазынасы. Сондықтан қағазды үнемдеп тиімді пайдалануымыз керек. Кітапты күтіп ұстауымыз керек.

Қазіргі кезде Қазақстан баспаларынан жыл сайын миллиондаған таралыммен кітаптар басылып шығарылады.

2-оқушы: Кітаптар әр түрлі баспаларда шығарылады. Ірі қалаларда кітап шығаратын фабрикалар бар. Цехта түрлі-түсті қағаздар кітап болып шығарылуға, лайықталып кесіледі. Мұнда кітаптың әр беті, сурет басылып жатса, екінші жағында түптеліп мұқабасы қапталып дайындалады. Қарап отырсаңдар, осы жұмыстардың бәрі оңай емес. Мұқабаларынан су өтпейтін, жылтыр қағазбен қапталған әдемі безендірілген кітаптар бума-бума болып тиеліп, Қазақстанның жер-жеріне жөнелтіледі.

Міне, кітап осылайша дүниеге келген.

(Оқушылардың кітап туралы өздері жазған өлең жырлары тыңдалады)

1-жүргізуші: Ой, бәрекелді! Өздерің менің тарихымды жақсы біледі екенсіңдер.

Міне, осылайша дүниеге келген, атыма сай ішімдегі мәтінім де өзгеріп отырады. Сендермен бірге қуанып, сендермен бірге күлемін, қиналамын.

Перизат (Кітаптың екінші бетін ашады) Бүгінгі әңгіmemіз кітап жайлы болғаннан кейін «КІТАП» деген сөздің қайдан шыққанын кім айтады?

3-оқушы: «Кітап» арабтың «Жазу» деген сөзінен шыққан Кітап рухани қазына байлық, өмір айнасы, замана сыры, тарих шежіресі, оқу тәрбие құралы.

Алғашқы кітап жазу құпиясын тек дін басылар мен монахтар білген. Дүние жүзіндегі тұңғыш кітаптар еврей еліндегі «Таурат», қытай тілінде «Кунцзыцзяюн», парсы тіліндегі «Авеста» грек тіліндегі «Інжіл», араб тіліндегі «Құран» жетінші ғасырда шыққан.

4-оқушы: Алғашқы кітап баспасы ағаштан жасалды. Ксилография қалыбы XI ғасырда пайда болды. 1045 жылы Шин өнерпазы Би Шен Құймалы әріптерді жасап шығарды. Русьте тұңғыш баспахана 1564 жылы, Мәскеуде басып шығарды.

5-оқушы: Қазақ кітап баспасы Ресейге қосылған соң қалыптасты. Бірақ араб тілінде IX ғасырда жазылған «Оғызнама» XI ғасыр Жүсіп Баласұғынның «Құтты білігі» 1800 жылы тұңғыш қазақ кітаптары шығарыла бастады.

6-оқушы: Семь чудес свете создали люди в древности Величественные пирамиды, прекрасную бога Гелиоса в гавани острова удивительное оно знаком каждому из нас, но мы настолько привыкли к этому творению человечества, что редко задумываемся.

А чудо это всегда лежит под рукой и как

настоящий друг, готово всегда прийти на помощь, а учить, подсказать помочь. И этого чудо — Книга!

2-жүргізуші: Балалар, міне оқысандар қызыққа кенелесіндер тауды бұзып, тасты жарасындар, бүкіл әлемге саяхат жасайсындар.

1-жүргізуші: Кітаптың ұлы қасиетін бағалап, алдында бас иіп, көптеген ақын жазушы ағаларын да сөздерін арнаған екен. Енді соны тыңдайық.

7-оқушы: Книга — учитель, книга наставница, книга — друг.

Книга — близкий товарищ и друг,
Ум как ручей, высыхает и старится,
Если ты выпустишь книгу из рук.
Бедным считает такое жилище,
Где вся забота — на битвы живут,
Где калорийная, вкусная пища.
Пищу духовную не признает.
Книга — советчик, книга разведчик,
Книга — активный борец и боец,
Книга — нетленная память и вечность,

Спутник планеты Земля наконец.

8-оқушы:

Кітаптар — бейне жапырақ





Жырлайтын сырын өмірдің.
Оқисың кейде жатып ап,
Көтеріп күйін көңілдің.
Айдыны шалқар кейде бір,
Кітапты тұнған көл дерсің,
Ауадай қажет бейне бұл.

9-оқушы:

Кітапта алма ағашы,
Жемісін бізге беретін,
Тәтті алмаға балашы,
Кітабыңның әр бетін.
Пайда ойла, ар ойла,
Талап қыл артық білуге,
Артық ғылым кітапта.

10-оқушы:

Білесің бе кітап білім ұясын,
Келесің мұнда өмірге азық жиясың.
Оқып біліп, зерттеп көріп санаңа,
Терең білім, ой маржанын құясың,
Дейді ойшылдар «Кітап білім

бұлағы»

Кітапхана сол кітаптар тұрағы.
Көп үйреніп, көп оқыған баланың,
Анық тағы білімпаз боп шығары.
Ойшылдар мен білімпаздар мекені,
Бәріне аян кітапхана екені.

11-оқушы:

Кітаппен дос болуға баулитын,
Кітапханашы мұнда қызмет етеді.
Өмір мәні өнер менен білімде,
Құштар болсаң көп құмартып білуге.
Қарсы алып, дәйім әркез күлімдеп,
Жөнін айтып жол нұсқайды білімге.
Кітапханашы Д.Ш. Шаяхметқызы
оқушыларға «Мақалдың жалғасын
тап» ойынын өткізеді.

Аға тәлімгер Д. Жубатова: Балаларға
әр кез тәрбиелі, білімді болыңыздар
деп «Оқуға құштар» акциясы жыл
аяғына дейін жалғасатынын хабардар
етеді.

«Кітап жан серігің» деп үнемі кітап
оқуға дәріптеп, жылы лебізін айтады.

Оқушыларға жылы тілегін білдіру
үшін сөз кезегі гимназия директоры:
Кереева Нұрбөбек Есполовнаға
беріледі. «Кітап жан серігің» деп үнемі
кітап оқуға дәріптеп, жылы лебізін
айтады.

Д. ЖУБАТОВА,
Облыстық дарынды балаларға арналған
Абай атындағы мамандандырылған
мектеп-гимназия-интернатының
аға тәлімгері.
Батыс Қазақстан облысы.

Бала — әлемнің сәні, өмірдің мәні

1-жүргізуші:

Бала — өмір, бала — бақ, бала — бақыт,

Шаттығымен құяды санаға құт.

Өмір қызық думан ғой баламенен,
Жан дүниені жүрер нұр жағалатып.

2-жүргізуші:

Бала барда шаттықтың шырқауы кең,

Әсем ғой балалы ел гүл бағымен.

Бала — мәңгі бақыттың бастау көзі,
Бақытты адамдар тек ұрпағымен.

1-жүргізуші: Сіздерді 1 маусым — балаларды қорғау күнімен құттықтай отырып, «Қарлығаш» бөбекжай-бақша» бүлдіршіндерінің концерттік бағдарламасын бастауға рұқсат етіңіздер.

«Үйшік» ертегісінің желісі бойынша.

Автор: Ерте, ерте, ертеде, айдалада бір үйшік тұрады. Ол үйшік өте әдемі болыпты. Оған адамдардың бәрі келіп кіре алмай кетеді екен. Бір күні үйшіктің қасына бір қораз келеді қоқылдап: - Ку-ка-ре-ку, бұл үйде кім тұрады? Ой, қандай тамаша үй? Мен осы үйге орналасып алсам ба екен?

Автор: Мен сиқырлы үйшікпін. Сен маған ғажайып бір нәрсе көрсетіп таңқалдырсаң ғана бұл үйдің есігі ашылып, бұл үйге кіре аласың

Қораз ойланады: Қой, олай болса мен кішкентай балапандарымды шақырып келейін. Солар маған көмектесетін шығар бәлкім, - деп шығып кетеді.

«Балапан» тобының кішкентай бүлдіршіндерінің орындауында «Шөжелерім» биі.

Үйшіктің есігі ашылып, Қораз кіреді.

Қоян келеді: Бұл үйде кім бар? Мен де тұрайыншы әсем үйде

Қораз: Мен сені кіргізер едім, бірақ бұл үйшік сиқырлы екен, көңілін көтермесең есігі ашылмайды

Қоян ойланып: Онда мен достарымды шақырайын, олар маған көмектесер мүмкін, - дейді.

«Ойыншықтар» әні орындалады.

1-бала:

Біз көңілді ұланбыз,
Ән шырқаймыз сайрандап.
Бақытты елде туғанбыз,
Жаз гүліндей жайрандап.

2-бала:

Ата — бабам аңсаған,
Тәуелсіздік таңы еді.
Құтты болсын тойымыз,
Балалардың мейрамы.

3-бала:

Қазақ деген жерім бар,
Өркендеген елім бар.
Кең жазира далам бар,
Біз бақытты балдырған.

«Орыс биі» орындалады.

Үйшікке Түлкі келеді құйрығын бұлғандатып:

- Мына әдемі үйшікте кім тұрады?
Тук-тук.

Бұл үйде біз тұрамыз, Қораз, Қоян.

- Менде сендермен бірге тұрайыншы достар.

- Жоқ, сен бұл үйшікке кіре алмайсың, өз өнеріңді көрсетсең ғана есік ашылады.

Түлкі не істесем екен деп ойланып тұрады да, шығып кетеді.

4-бала:

Біз балдырған баламыз,
Оттай лаулап жанамыз.
Бейбіт таңда бас қосып,
Шырқап әнге саламыз.

5-бала:

Балдырғанбыз бақытты,
Болашаққа сенеміз.
Ержүрек боп өскенде,
Ел қорғауды білеміз.

6-бала:

Балдай тәтті баламыз,
Ақылдымыз, данамыз.
Балалардың мерекесін,
Бірге қарсы аламыз.

7-бала:

Аспан ортақ, жер ортақ,
Көгімдегі күн ортақ.
Татулығы жарасқан,
Сәбилерге бәрі ортақ.

«Саңырауқұлақтар» биі орындалады.

Түлкі үйшікке кіреді.

Қасқыр келеді: Кім бар бұл үйшікте? Мен де сендермен дос болайыншы, - дейді.

- Бұл үйде біз тұрамыз, Қораз, Қоян, Түлкі. Бұл үйшік сиқырлы екен, оған таңқалатын өнерің болмаса кіре алмайсың.

Қасқыр ойланып, менің кішкентай әнші достарым бар, олардың өнері бәріңді таңқалдырады, мен оларды шақырып келейін.

«Балдырған» тобының өнерпаздарының орындауында «Ағайынбыз бәріміз» әні.

«Ламбада» биін тамашалаңыздар.

Ақбота мен Бауыржанның орындауында «Біз өмірдің гүліміз» әні.

Қасқырға үйшіктің есігі ашылады.

Аю келеді үйшікке: Кім бар бұл үйде?

- Бұл үйде біз тұрамыз, Қораз, Қоян, Түлкі, Қасқыр.

Аю: - Мен де сендермен бірге тұрайыншы осы әдемі үйшікте.

- Бұл үйшіктің есігі тек таңқалдыра алсаң ғана ашылады. Қандай өнерің бар?

Аю: - Ойпырмай, а, не өнер көрсетсем екен деп ойланып: - Мен кішкентай достарымнан көмек сұрап келейін, - деп шығып кетеді.

8-бала:

Ата-анамның менмін ғой болашағы,
Әдептілік балаға жарасады.

Жақсы азамат боламын өскенде мен,

Балалар ғой елімнің болашағы.

9-бала:

Біз бақытты баламыз еркелеген,
Тындап өстік ән мен күй, ертегі, өлең.

Туған жерді аймалап, самал лебі,

Отан-ана біздерді мәпелеген.

«Балдырғандар» әні орындалады.

«Қазақ» биі биші қыздардың орындауында.

Аю үйшікке кірмекші болады, бірақ сыймайды. Ол енді не істесем болады деп мұнайып отырады.

Балалар аю достарына көмекке келеді, оның көңілін көтермекші болып би билейді.

Бір топ ұл-қыздардың орындауында «Қонжықтардың бал жинауы» биі орындалады.

«Полька» биі орындалады.

«Екеуміз әйбат баламыз» әні орындалады.

Аю үйшіктегі барлық достарын шығарып, балалармен бірге барлығы ортаға жиналады.

«Әрқашан күн сөнбесін!» әні хормен айтылады.

Жүргізушілер: Құрметті қонақтар! Бүлдіршін балақайлар! Ардақты ата-аналар! Осымен бүгінгі **«Бала – әлемнің сәні, өмірдің мәні»** атты ертеңгілігіміз өз мәресіне жетті. Аспанымыз ашық

болсын! Балаларымыздың жүздерінен күлкі кетпесін! Еліміз аман болсын! Жақсы күндерде жолыққанша сау-саламат болыңыздар!

Эльмира Манапқызы ИСМАИЛОВА,
«Қарлығаш» бөбекжай-бақша» әдіскері.
Н. Бекежанов ауылы,
Шиелі ауданы,
Қызылорда облысы.

Көркейе бер, әсем қала – Оралым!

Мақсаты:

1. Оқушылардың атамекенін, Отанын, туған жерін, халқын сүйуге, адамгершілігін қалыптастыра отырып тәрбиелеу;

2. Туған жерге деген ыстық ықыластарын қалыптастырып, елін, жерін құрметтей алатын білімді азамат болуға тәрбиелеу;

3. Туған қаласының мұра жәдігерлерін құрметтеуге баулу.

Отан — әр адамның жүрегіне жылы тиер қасиетті сөз. Отан — сенің туған елің, туған жерің, дос-жарандарың, туған туысқаның. Отан — бұл өзіңнің тұратын, өмір сүретін, қызмет ететін жерің. Отан адам үшін біреу ғана. Отанды анаға теңейді. Себебі, Отан сендерді анадай қорғайды, көмектеседі, күш береді. Біз Отанымызды, елімізді сүйеміз.

— Отан туралы Қазақстан Республикасының Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жазғанын тыңдаңдар:

«Өзіңнің еліңе, Отаныңа, жеріңе, ата-бабаңның төккен қаны мен теріне

адал болуың керек. Қайда жүрсе де, не істесе де қазағын-елін ойлап, осыны көркейтсем, кіндік қаным тамған елім аман болып, оның дәрежесі жоғары болса, қай мемлекетке барсам да мені сыйлайды деген түсінікте болу керек». (Нұрсұлтан Назарбаев)

Ата салтым — асыл мұрам, ардағым, Бабалардың жалғастыра арманын. Сан ғасырда қалпын бұзбас қадірім, Өткенімді бүгінменен жалғадым.

Қазағымның салт-дәстүрі жаңғырған,

Тәлімді ой сынағы, тәрбие көзі қалдырған.

— Міне, бүгін сіздермен өзіміздің **Орал** қаласындағы **Қадір Мырза Әли** алаңына саяхат жасамақпыз.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасымен қала күні аясында Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті алаңында ашылған **«Ақжайық» этноауыл** ұлттық мәдени кешенін тамашалап, сынып оқушылары үшін ой-өрісін дамытатын құнды мәліметтер алып, бұл

саяхат сабақ балалардың көңілінен шығып, есте қалды. Әсіресе, «Жәдігер» жылжымалы музей экспозициясы мен «Өрнекті өнер» жәрмеңкесінен ғибратты әңгімесі мен ұлттық қолданбалы өнер бұйымдары шеберлерінің қолынан шыққан бұйымдарды тамашалаудан алған әсерлері айрықша.

Киіз үйлер тігіліп, алтыбақандар құрылған кешеннің көрінісі балалардың есінен кетпейтін ерекше әсер қалдырып, көңілдерінен шықты.

Қазақ елі тәуелсіздігін алғалы, халқымыздың қолөнері қандай жетістіктерге жетіп отырғаны белгілі. Себебі, қазір біз ұмыт бола бастаған қолөнерді қайта жаңғырта бастадық.

Қолөнер — халқымыздың ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, тамырын тереңге жайып келе жатқан мұрасы.

«Өнер — таусылмас азық, жұтамас байлық», - деген халық даналығы. Әр халықтың өзіндік ұлттық өнері болады.

Өнер адамның дүниетанымына, сеніміне, адамгершілік-моральдық қасиет-



тердің қалыптасуына, эстетикалық сезіміне, алға қайған мақсатының айқындалуына әсер етеді.

«Жігітке жеті өнер де аз», «Аталық айтар ісің болсын» - деп, өнерді құдіретті күш, адамның жан серігі, ертеңгі жейтін тамағы, ішетін сусыны, рухани байлық деп бағалаған.

Ұрпақтан ұрпаққа жеткен ұлттық қолөнерді қадірлеу, дамыту, оны келешек ұрпаққа табыстау — басты парыз.

Қорытынды: Халқымыздың ғасырлар бойы жасап кеткен тарихы — бүгінгі ұрпақ үшін баға жетпес үлкен қазына, мұра. Бұл мұраларымыз имандылық, ғибраттық, әдет-ғұрпымен, салт-дәстүрімен қымбат. Осынау ұрпақ тәрбиесінің қымбат қазынасын мұралыққа алған біздер оның ішіне үңіліп, одан өз болмысымызға керек-жарақтарымызды алуға тиіспіз.

**Жанар Төленқызы
МАМБЕТОВА,**

**М. Өтемісұлы атындағы
облыстық сауықтыру мектеп-
интернатының тәрбиешісі.**

**Орал қаласы,
Батыс Қазақстан облысы.**



Кәсіптік бағдар – болашақ кепілі

Мақсаты: оқушыларға болашақ мамандық және оқу бағдарын таңдауда көмектесу, оқушылардың мамандық туралы көзқарастарын дамыту, оқушылардың кәсіби қызығушылықтары мен бейімділігін анықтау, мамандық әлемі туралы ақпарат алу арқылы, мамандық бағытын таңдауда жауапты шешім қалыптастыру.

Міндеттері: мамандық таңдаудың негізгі шарттарын таныту.

- Мамандық таңдауда оң шешім қабылдауға, еңбек қуанышын сезінуге, өзінің бойындағы қасиетін тануға жетелеу. Еңбекқорлыққа, еңбекті қадірлей білуге, табысты болуға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

1. Мамандықтарды талдай және таңдай білуге қалыптасады;

2. Оқушы өзінің қабілетін, бейімін, қызығушылығын мамандыққа сай тани білуіне дағдыланады;

3. Оқушылардың таңдап отырған мамандықтарының қыр-сырына көз жеткізуге тырысады;

Әдісі: әңгімелеу, пікірталас.

Көрнекілігі: интербелсенді тақта, бейнебаян.

I. Ұйымдастыру бөлімі

1. Оқушылар тақтадағы «Мен таңдадым», «Ойланудамын», «Білмеймін» атты жазулардың астыңа белгі салып шығады.

2. Кіріспе.

II. Негізгі бөлім:

1. «Мен мамандық әлемінде»;

2. Оқушы ойы;

3. Мамандық таңдауға кім және қандай жағдайлар әсер етеді?

4. Мамандық таңдаудың формуласы;

5. Мамандық таңдау ережесі;

6. Жақсы маман болу үшін адам нені білуі және үйренуі қажет?

III. Қорытынды.

Менен сұрақ, сенен жауап:

1) Мамандық таңдауда ең бастысы не: қабілет пе, дарын ба әлде, мамандықтардың қоғамдағы беделі ме?

2) Белгілі бір кәсіптің иесі болу үшін міндетті түрде жоғары білім алу қажет пе?

3) Адам өз мамандығын таңдаған кезде, нені басшылыққа алу керек?

4) Жақсы маман болу үшін адам нені білуі және үйренуі керек?

5) Адам белгілі бір мамандыққа қашан, қалай дайындалуы керек?

6) Адам бірнеше мамандықты меңгерсе, оның өмірі қандай болады деп ойлайсыздар?

Осы аталған мамандықтарды игеру үшін кәсіптік білім алуымыз қажет.

Кәсіби бағдар беру — жас ұрпақты өзіне ұнаған тиісті мамандықты саналы таңдап алуға дайындауға бағытталған іс-әрекет. Кәсіби бағдар беру арқылы оқушыларды мамандықтар әлемінде, олардың мазмұны, ерекшеліктері, жеке тұлғаға қоятын талаптарын өз бойындағы қасиеттер мен ұштастырып, өндіріс, шаруашылық салаларының даму міндеттеріне, оның нарықтық экономика жағдайындағы роліне сай саналы тандалынып алынған мамандыққа мүдделілігін тәрбиелеуді қажет етеді.

Атақты ғұлама Әл-Фараби:

«Ісім оңсын десеңіз,

Сол істің маманы болыңыз.

Даңқым шықсын десеңіз,

Көпшіліктің адамы болыңыз», - десе,
«Мамандықты дұрыс тандау — ол өмір жолының сәттілігінің негізі», - деген екен психолог Эвальд Фридрихович Зеер.

1. «Мен мамандық әлемінде».

Мектеп бітірісімізбен алдымыздан сан сұрақтар туындайтыны баршамызға аян. **МЕН** — қайда барамын, қай мамандықты тандауым керек дегендей сұрақтарға жауап іздейміз. Міне осы мақсатта мен сіздерді мамандықтың біраз түрлерімен таныстырғым келеді.

(Бейнебаян көрсетіледі)

Әлемде 10 мыңнан аса мамандық бар. Ал оған арнаулы мамандықтар мен басқаша да қосымша маман түрлерін қосып санағанда 50 мыңнан асады. Олардың ішінен өзімізге қажеттісін қалай тандауға болады? Біз олардың қаншасы туралы білеміз? «Мектеп бітіргеннен кейін кім боласың?» деген сұрақтарға мектеп оқушыларының көбісі нақты жауап бере алмайды. Ол үшін мамандық әлемін оқып-үйрену керек.

Мамандық алудың 5 баспалдағын жоспарлау керек:

1. Арман (тілек);
2. Көз жеткізу (қажеттілік);
3. Жоспарлау;
4. Әрекет;
5. Игеру.

Мамандық сенің денсаулығына, физиологиялық және психологиялық күйіңе, біліміңнің сапасы мен деңгейіңнің дайындығына байланысты екенін естен шығарма. Сондықтан да мамандық тандар алдында «Мен жасай аламын ба, қабілеттімін бе?» деген сұраққа жауап беру керек.

Сонымен, мамандық дегеніміз не?

Мамандық — карапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі.

Профессия — латын сөзінен шыққан, «professio», — анықталған іс — мамандық дегенді білдіреді.

Мамандық дегеніміз не?

Кәсіп, Сүйікті іс, Шығармашылық, Қызығушылық, Еңбек көзі.

2. Оқушы ойы. (мамандық тандау факторлары жайында әңгімелеу) Олар: білім алу, тәжірибе жинау, еңбек ету, тандау жасау, болашақты айқындау. Тақтаға ақ қағаз ілінеді, сол қағазға стикерлер арқылы мамандық тандауға ең алдымен не қажет екендігі жайында жазып іледі)

Адам өз мамандығын тандаған кезде, нені басшылыққа алу керек?

- Бейімділігі (қызығушылығы, еңбек түрткісі, ынтасы);
- Қабілеті, денсаулық жағдайы (ішкі мүмкіндіктер мен шектеулер);
- Ықылас деңгейі мен өзін-өзі бағалауы;
- Икемі;

3. Мамандық тандауға кім және қандай жағдайлар әсер етеді?

- Ата-ананың ақылы;
- достарыңның ақылы;
- мұғалімнің ақылы;
- қазіргі кездегі сол мамандықтың беделі;
- дарының, мүмкіндігің, қабілетің;
- жақын аймақтағы оқу орнының болуы;
- жалақысының көп болуы.

4. Мамандық тандауда мынадай бір формула бар:

«Үйренгім келеді — үйрене аламын — үйрену керек»

ҮЙРЕНГІМ КЕЛЕДІ — бұл талап-тілектің, мақсат пен мүдденің, ынта мен ықыластың кеңістігі;



ҮЙРЕНЕ АЛАМЫН — қабілет-қарымның, таланттың, денсаулықтың кеңістігі;

ҮЙРЕНУ КЕРЕК — еңбек рыногындағы сұраныстардың, аймақтағы әлеуметтік-экономикалық проблемалардың, әлемдік экономикалық даму тенденцияларының кеңістігі.

Кәсіп осы үш дөңгелектің тоғысу нүктесі арқылы оңтайлы таңдалады.

5. Мамандық таңдау ережесі:

- Барынша көптеген мамандықтарды зерттеу керек және сіз тіршілік еткен аймақта қандай мамандықтар керектігін анықтау қажет;
- Барынша өзіңе ұнамды және ыңғайлы мамандықты таңдауың керек;
- Өзіңнің болашақ мамандығыңды таңдай отырып ойынды жүзеге асыруда және мамандықты жетік меңгеруде табандылық танытуың керек.

6. Жақсы маман болу үшін адам нені білуі және үйренуі қажет?

- Өзіне, қоғамға тигізетін пайдасын білу;
- Кісілік қасиеттерге (имандылық, ізгілік, қайырымдылық, кішіпейілділік, дербестілік, жауапкершілік, намысқойлық, жігерлілік, т.б.) ие болу;
- Ортамен қарым-қатынас жасай білу;

• Өзінің таңдаған мамандығының мазмұны мен қызықты қырларын, жұмыс тәртібі мен жағдайы, кәсіби өсу мүмкіндігі туралы сұраққа жауап бере алғанда ғана таңдаған мамандығы туралы ой-ниеті салмақтана түседі.

III. Қорытынды.

Бүгінгі білімді жас егемен елдің ертені болу үшін мамандықты дұрыс таңдағаны жөн. Өйткені, ХХІ ғасырда жұмыс істейтін мамандар Отанның мақсат-мүддесін алдыңғы орынға қоятын мемлекетті басқару мен өз саласын жетік меңгерген маман болуы қажет.

Болашақта алдарында үлкен жол жатыр. Біз таңдаған жолдар сендерді үлкен өмір жолына бастайды. Өздерің таңдаған ақ жол сендердің болашақтарыңды жарқын және қуанышқа толтырсын.

**Толкын Сабыргалиевна
МУХАМБЕТКАЛИЕВА**

**М. Өтемісұлы атындағы облыстық
сауықтыру
мектеп-интернатының тәрбиешісі.**

**Орал қаласы,
Батыс Қазақстан облысы.**

Қош бол, даярлық

Мақсаты:

1. Білімнің сара жолы мектепалды даярлықтан басталатынын, алған білімнің негіз болып қалатынына көз жеткізу;

2. Мектепалды даярлықпен, алғаш қолына қалам ұстатқан алғашқы ұстазымен қоштаса отырып, әр баланың ерекшелігін таныта отырып, сәт-сапар тілеу. Білім берер ордасы — мектепті ұстаздарын құрметтеп, білімге деген құштарлығын арттыру. Өз Отанының адал ұлы мен қызы болуға тәрбиелеу.

Мұғалімнің кіріспе сөзі:

Қош келіпсіздер, құрметті ата-аналар, қымбатты әріптестер, қадірлі қонақтар! Бүгінгі күн осында отырған бәріміз үшін ерекше күн, оның ерекшелігі сол — 1 жыл бұрын мектеп табалдырығын жүрексіне аттаған кіпкішкентай балғындар еді. Енді, міне, бойлары да, ойлары да өсіп, мектепалды даярлық сыныптан ұшқалы отыр.

Ендеше қызықты да, ғаламат өзгерістер сыйлаған, білім нәрімен сусындатқан, өмірде өз жолдарын табуға жол сілтеген ұстаздарына, ата-аналарына өз өнерлерін көрсетуге дайын.

1-жүргізуші: Біз бүгін көзімізді ашып, көкірегімізді оятқан, білім нәрімен сусындатып, ілімнің ірге тасын қалаған даярлықпен қоштасамыз.

2-жүргізуші: Бүгін біз сауатымызды ашып, алғаш қолымызға қалам ұстатып, оңымыз бен солымызды танытқан ұстаздарымызбен қоштасқалы отырмыз. Олай болса, даярлық сыныпты бітіруші түлектерімізді ортаға шақырайық.

1-жүргізуші:

Толқимыз, толқып тұрсыз баршаңыз да,

Мұндай күй болған сірә қаншаңыз да.

Қол соғып, қошеметтеп шақырайық,

Мектепалды түлектерін ортамызға.

(Музыка әуенімен даярлық сынып түлектері ортаға шығады)

2-жүргізуші:

Жалынан ұста аттай ғып,

Білім деген ғажаптың,

Келешегі қазақтың.

Басталады сендерден.

1-оқушы:

Қоштасу тойын бастайық,

Ән мен биге басайық.

Өнерімізді көрсетіп,

Құрметіне бұл тойдың.

Ән мен шашу шашайық.

2-оқушы:

Армысың, сен алтын ұя мектебім,

Саған айтар жыр алғысым көп менің.

Жүректерге жаққан білім шырағын,

Мақтан етем сені мәңгі мектебім.

Мектеп деген білім кені, жыр кені,

Мектеп деген ғылымның ең үлкені.

Мектеп деген тәрбиеші адамға

Мектеп деген даналардың мекені.

3-оқушы:

Мектебім — білім берер алтын ұям,

Ер жетіп сенде сөзім, артты санам.

Баулыған 1 жыл бойы ата-анамдай,

Әрқашан қасиетті атың маған.

Арада өтсе дағы дүркіреп жыл,

Әр күні балалықтай бір жүрек бұл,

Өзіңе борыштармын өмір бойы

Есейген шәкіртіңнің серті деп біл.

4-оқушы:

Өтті оқу, сан сабақ,
Бүгін үлкен салтанат.
Оқулықпен достасып,
Даярлықпен қоштаспақ
Қош бол, құтты Даярлық!
Алғыстарым көп менің.
Ақыл-білім, тәрбиен,
Ой-санама еккенің.

5-оқушы:

Есігінді ашқан балаңа,
Құшақ жайдың мектебім сен қуана.
Сол бір сәтті мәңгі ұмыта алам ба,
Сенен артық дүниені таба алам ба?
Мектебім – мәңгі бапкерім,
Қарызбыз саған бәріміз.
Өзіңе деген парызды,
Ақтаймыз талай әлі біз.

1-жүргізуші:

Армысың сен, алтын ұя мектебім,
Саған айтар жыр-алғысым көп
менің.

Жүректерге жаққан білім шырағын,
Мектебіме арналады бұл әнім!

2-жүргізуші: Олай болса, алтын ұя
мектебімізге арнап «Мектебім» әнін
шырқайық!

«Мектебім» әні орындалады.

Көрініс: (ортаға қария мен оқушы
шығады)



1-оқушы:

- Ата, ата, арман деген не? - депті
жігіт.

- **Арман** дегеніміз — ақыл-ойдың
шындығы. Құс ұшсам дейді, бала өс-
сем дейді, қыз көрікті болсам дейді,
ұстаз шәкіртіне үлгі болсам дейді. Ар-
манына адаспаған жетеді, ақымақ бұл
өмірден түңіліп өтеді депті қарт.

2-оқушы:

Дос табу оңай ма? - депті қарт.

- Ата, дос табу ақылдыға оңай, ақы-
маққа қиын.

- Жоқ, балам, өмірде дос табу ақыл-
дыға қиын, ақымаққа оңай. Есінде
болсын, досың ақылды болса, өзің
дана боласың, досың бала болса, өзің
шала боласың.

3-оқушы:

- Үйдегі **алтын қазығың** кім? - депті
қарт.

- Ата, үйдегі алтын қазық — бала,
депті жігіт.

- Жоқ, балам, үйдегі алтын қазық
— ана. Ана ақылды болса, бала дана
болады. Ана —ақылшын, әке — қам-
қоршын, ағаң — қорғаушын, інің —
сүйенішін, қарындасың — канатың.
Ананы сыйламағанның ақылы кем,
әкені сыйламағанның жақыны кем, -
депті қарт.

4-оқушы:

Өмір сүру үшін не қажет? - депті
қарт.

Ата өмір сүру үшін алтын, ақша,
нан, мал қажет, - депті жігіт.

Жоқ балам, адамның өмір сүру
үшін су, от, тұз, қыз, ақыл қажет. Су
— тіршілік, от — өмір, тұз — дәм, қыз —
сән, ақыл өмірдің нәрін береді.

5-оқушы:

- Адамға ақыл беретін кімдер? - депті қарт.

- Ата, ана тілі ғой ақыл беретін, - депті жігіт.

- Жок, балам, адамға ақыл беретін ата-ана, ұстаз, досы. Ата-ана ақылын баласына айтады, ұстаз шәкіртіне айтады. Достықтың көзі ақылдан басталады, - депті қарт.

1-жүргізуші: Адам өміріндегі ең қымбат жанның бірі — ұстаз. Өйткені оның көкірек көзін ашып, дүниетанымын кеңейтіп, қиялға қанат қақтырады.

2-жүргізуші: Дұрыс айтасың:

Ұстаз еңбегі — ұлы еңбек.

Сондықтан да ұлы ақын Абайдың:

Ақырын жүріп анық бас,

Еңбегің кетпес далаға

Ұстаздық еткен жалықпас

Үйретуден балаға, - деп айтуында терең ой жатыр.

1-жүргізуші: Олай болса, келесі өлең жолдарын ұстаздарымызға арнаймыз.

6-оқушы:

Есімде алғаш ұстаздың қарсы алғаны,

Айқара есік ашып тасталғаны.

Бір мереке думан болып осы маңда,
Жетелеп бір сыныпқа апарғаны.

Енді, міне сағымдай боп өте шықты,
1 жыл уақыт аз ба екен, кім біліпті.

Ұстаз — ана жасады мына бізден,

Ел таң қалар азамат бір-бір мықты.

7-оқушы:

Әлі есімде мектепке келгеніміз,

Келгеніміз, сыныпқа енгеніміз.

Жасқаншақтап, таңырқап тұрған шақта.

Өзің болдың ұстазым сенгеніміз!

Ұқсаттың ба сіз бізді балаңызға,

Ұқсатып ек, біз сізді анамызға.

Жақын тарттың, біртіндеп бауыр бастық.

Жүргенінді ұнатып арамызда.

Кеп кешегі тосырқау қайда қалған.

Шықпаушы едік бір елі айналаңнан.

Мейірің бе, ұстаздық жүрегің бе.

Жан дүниесін баланың жайлап алған.

8-оқушы:

Ұстазым ғой әліпбиді үйреткен,

Көкейіме көрік беріп, гүл еккен.

Мені оқытып, өркенімді өсіріп,

Жалындатып, жанарымды нұр екен.

Жадыраған жаздай жылы жаны бар,

Жақсылықтың шырағы боп жағылар.

Қадірлі ұстаз гүлмен бірге жолдаған

Шәкіртіңнің жүрек сөзін қабыл ал.

1-жүргізуші:

Айдында аққудай сыландаған,

Біреулер күй, біреулер жыр арнаған.

2-жүргізуші:

Шықсын енді ортаға биші қыздар,

Тал шыбықтай иіліп мың бұралған.

**1-жүргізуші:**

Болмасаң да, ұқсап бақ,

Бір ғалымды көрсеңіз.

Ондай болмақ қайда деп,

Айтпа ғылым сүйсеңіз, - деп Абай атамыз айтқандай, ұлы ғұламалар,



Қазақ биін билейтін, - деп ортаға бишілерімізді шақырайық.

Қазақ биі орындалады.

2-жүргізуші:

Даярлығым — бал бұлағым,
Алдым сенен балдың дәмін.
Әріп танып, білім алып,
Рахметімді жаудырамын.

1-жүргізуші:

Өтті сенде қызық шағым,
Даярлығым балбұлағым.



ұлы адамдар өнегелерін бойымызға сіңірдік.

Көрініс: «Кітаптар мұңы».

1-жүргізуші: Мың бұралған бишілерімізге кезек береміз.

1-жүргізуші: Біздің қуанышымыз бен жеңісімізге ортақ болған, бізбен бірге уайымдаған — ата-ана. Олар — бізге дүниедегі ең жақын қадірлі адамдар.

2-жүргізуші: Құрметті ата-аналар, біз сіздерге алғысымызды білдіре отырып, келесі әнді өздеріңізге арнаймыз.

«Асыл анам» әні орындалады.

1-жүргізуші:

Мың бұрала билейтін,
Биді жақсы көретін.
Қыздарымыз бар біздің,

Қоштасар күн жетті міне,
Қимастықпен қол бұлғаймын.

Қоштасу вальсі орындалады.

2-жүргізуші: Оқушыларымызға ақ жол тілей отырып, орта буынға шығарып саламыз.

хормен Қош бол, балғын балалық,
Қош бол, сүйікті бастауышым!

1-жүргізуші: Осымен ертеңгілігіміз аяқталды. Көріп тамашалағандарыңызға көп-көп рахмет. Қош, сау болыңыздар!

**Алтынай Жамалиевна
БЕЛЬГИБАЕВА,**

**«Әл-Фараби» мектеп-лицейінің
мектепалды даярлық сыныбының
тәрбиешісі.**

**Петропавл қаласы,
Солтүстік Қазақстан облысы.**

Дәрумендер – денсаулық кепілі

Мақсаты: Балаларға көкөністер мен жеміс жидектердің адам денсаулығына пайдасы жайлы түсіндіру. Олардың құрамы дәрумендерге бай екендігін, тұмау мен суық тию ауруына қарсы күресудің жолы екенін көрсету. Ойлау қабілетін дамыту, сөйлеу кезінде сөзді анық айтқызу, мәнерлі айтып жаттықтыру және еңбекке баулу.

Тәрбиеші: «Білер қазақ баласы, Сәлем сөздің анасы» — дегендей сәлемдесіп алайық.

«Қайырлы таң, балалар!»

Балалар: Қайырлы таң, Динара Қанатқызы! Қайырлы таң құрметті қонақтар!

Бақшамызға барамыз,

Досымызды табамыз.

Сәлемет пе, міне мен,

Доспын енді сенімен.

Тәрбиеші: Балалар, бүгін біз, көкөніс пен жемістердің адам денсаулығына пайдасы жайлы біліп, қажеттілігін айтамыз.

Балалар мына суреттердегі жемістерді атаңдаршы? (Көрсету)

Ал енді көкөністерді атаңдар? (Көрсету)

«Дәмін ажырат»

Мақсаты: балаларға жемістер мен көкөністердің түрлерін дәміне қарай ажыратуға үйрету.

Ойын шарты: Көздерін жұмып, жемістер мен көкөністердің дәмін тату арқылы ажыратады.

Бейнеролик қарау. Бұл жемістер мен көкөністер біздің денсаулығымызға, әсіресе, өсіп келе жатқан сендерге өте қажет, өйткені оларда дәрумендер көп.

Дәрумендердің А, В, С, Д, Е деген түрлері болады. Оларды біз күнделікті ішіп жүрген тағамдарымыздан кездестіреміз. Мысалы: «А» дәрумені: қызыл бұрышта,

сарымсақта, қызанақта бар. «В» дәрумені: киярда, қырыққабатта, сәбізде кездеседі екен. «С» дәрумені қарақатта, лимонда, мандаринде кездеседі. «Д» дәрумені: алмада, алмұртта, пиязда, жүзімде. Осы дәрумендерді көп жесендер, суыққа төзімді боласындар, сүйектерің қатаяды, бұлшық еттеріңе күш береді.

Тосын сәт. Тұмау келеді:

(Балалар бет перде киеді)

Тұмау: Сәлеметсіңдер ме, менің әлсіз де, кішкентай балаларым. Мен Тұмау деген патшаларың боламын. Сендер мені тостыңдар ма? Мен жеміс-жидектерді жумай жегенді жақсы көретін балалардың қасында жүргенді ұнатамын.

Тәрбиеші: Біз сені күткен жоқпыз, әрі шақырған да жоқпыз. Біз жемістерді жақсылап жуып жейміз ғой, балалар.

Барлық балалар: Иә! Иә!

Тұмау: Сендер менімен қалай күресу керек екенін біледі екенсіңдер! Мен сендермен дос болғым келеді. Дос болмасаңдар сиқырлап тастаймын.

Бала: Біз сенің сиқырыңа сиқырланбаймыз, сенімен күресудің жолын білеміз, бетперде киеміз, дәруменді көп жейміз. Денсаулығымыз күшті.

Тәрбиеші: Тұмау — жаман ауру. Егер тұмаумен ауырып қалсақ, қаліміз қандай болады?

Бала: Басымыз ауырады, ыстығымыз көтеріледі, достарымызбен серуенге шықпай қаламыз, анамыз жұмыстан қалады, бізді дәрігерге апарады, балабақшаға бара алмай қаламыз.

Тәрбиеші: Міне көрдіңдер ме, тұмау жүрген жер жақсы емес. Біздер ауырып қалмас үшін не істеуіміз керек?

Балалар: Көкөністен жасалған тағамдар



жеуіміз керек, жеміс-жидектен жасалған шырындар ішіуіміз керек, спортпен айналысуымыз керек, тазалық сақтау керек.

Тәрбиеші: Тұмау, сен одан да біздің көкөністер мен жемістердің балалардың денсаулығына қаншалықты пайдалы екенін тыңда.

Көкөністер мен жемістердің айтысы.

Қызанақ:

Мен өте дәмдімін,
Адамдардың ас қорыту мүшелеріне пайдалымын.

Әсем, нәзік, көріктімін,
Көктей жеуге болмайды.
Салатқа мені қосқанда,
Қияр қасымнан қалмайды.
Қып-қызыл болып пісемін,
Жәшікке лақтырып салмайды.
Жарылып қалам өйткені.

Қияр: Сен неге қып-қызыл болып мақтанып тұрсың? Менің де адам денсаулығына пайдам көп.

Сопакша көк өнім бар,
Пайдалы, мөлдір сөлім бар.
Піскен кезде жинайсың,
Менің атым қияр.

Қазір ұзын сабағым,
Жан-жағына тарайды.
Қол ұстасқан баладай,
Бақшаны алып барады.

Картоп: Әй, қойыңдар!
Адамның екінші нанымын.
Мен — мақтаншақ картоппын.
Ылғалды топырақ — мекенім,
Сол жерде жақсы өсемін.
Жегенде жақсы тоясың,
Ұраға салып қоярсың.
Мен мақтаншақ картоппын,
Мені жақсы көреді,
Үлкендер мен балалар.

Пияз: Егер картоп өзін-өзі пайдалымын, бәріне қажетпін десе онда, мен де мақтанайын.

Босқа қарап тұрамын ба!

Менсіз астың дәмі жоқ,
Күлдіре алмаймын, жылайсың.
Ащы болсам да мені,
Базардан жиі сұрайсың.
Түшкірсең, пысқырсаң,
Мен шипа боламын.

Сәбіз: Менде де бар дәрумен, салатқа да қосады, тағамға да қосады.

Сары дәмді, ұзынмын,
Жер астына тығылдым.
Тартсаң шыға келемін,
Өсіп тұрған бұрымнан.
Күзде қазып аласың,
Тамаққа да саласың.
Егер мені көп жесең,
Биік, ұзын боласың.

Өрік: Мен жарықты, жылуды жақсы көремін, менің құрамымда йод көп.

Мен өрікпін, өрікпін,
Бақшамызға көрікпін.
Қара деген атым бар,
Менен де дәм татыңдар.
Дәрі орнына жүретін,
Кейде менің қақым бар.

Алма: Менің жер шарында көп түрлерім бар, менің құрамымда «А», «В», «С», «Д» дәрумендерім бар. Мені көп жесеңдер ауырмайсыңдар.

Нарттай қызыл алмамын.
Мәз болады алғандар,
Жазда әдемі киінем,
Тілді балдай үйірем.

Қарбыз: Мен жаздың ыстығында өте қажетпін, денсаулыққа пайдалымын.

Жинап досты, бауырды,
Ортаға алдық қарбызды.
Жарып едік қарбызды,
Қарық қылдық ауылды.

Қауын:

Қауын деген қой сойдық,
Ой бәріміз бір тойдық.

Қанып қалды шөліміз.

Барлығы:

Жиналып қаппыз бәріміз,

Қайсымыз ең дәмдіміз.

Ішімізден адамға тиеді көп пайдамыз.

Тәрбиеші:

Барлығың да дәмдісіңдер,

Шырқап айтар әнімсіңдер.

Көз тоймайтын кереметке,

Дастарханның сәнісіңдер.

Тәрбиеші: Балалар, бүгін бізге дәрігер апай келіпті, балабақшадағы топтарды аралап денсаулығын тексеріп жүр екен.

Дәрігер: Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Балалар: Сәлеметсіз бе дәрігер апай!

Дәрігер: Балалар, қазір қыс мезгілі, тұмау жүріп жатқан кез, өздерінді қалай сезінесіңдер?

Балалар: Жақсы.

Дәрігер: Балалар, сендердің топтарыңда ауырып қалған балалар жоқ па?

Балалар: Жок.

Дәрігер: Сендердің көңіл-күйлерің, денсаулықтарың да жақсы екен. Сендер таза ауада көп серуендеп, түнде жақсы ұйықтағандарың көрініп тұр. Деніміз сау болу үшін тағы не істеуіміз керек?

Балалар: Дене шынықтыру жаттығуларын жасау керек.

Дәрігер: Сендер қандай сергіту жаттығуларын білесіңдер? Маған көрсетіндерші?

Сергіту жаттығуы:

Жалқаулықты тастаймыз,

Жаттығуды бастаймыз.

Шынығамыз жастай біз,

Қиынсынып қашпаймыз.

Иілеміз оңға бір,

Иілеміз солға бір,

Қимылдайды әр сәтте,

Аяқ та бір, қолда бір

Тәрбиеші: Дәрігер, сендерге жапсыруды аяқта деген тапсырма бергісі келіп тұр, сол

тапсырманы орындайық.

- Ал, дәрігер апай, біз сізге жұмбақтар жасырайық.

Қалың киінгенді ұнатады, шешіндірсен жылатады. (Пияз)

Бірінші туратады, Екінші жылатады (Пияз)

Жесең ащы,

Көзіңнен шығарар жасты. Ол не? (Пияз)

Дәрігер: Балалар, пияз туралы көп жұмбақтар біледі екенсіңдер, пиязды азық ретінде қолданады. Пиязды медицинада дәрі ретінде қолданады. Пиязды жесендер ауырмайсыңдар.

Тәттігүл: Мен бәрін естіп тұрмын. Пияз денсаулыққа пайдалы дейсіңдер, ал мен тәттіні жақсы көремін. (Қолыңдағы заттарды көрсетеді) Менімен дос боласыңдар ма?

Тәрбиеші: Тәттіні көп жеуге болмайды, көп жесек бізге қандай зияны бар?

Балалар: Бетіміз қызарады, тісіміз түседі, жүрегіміз айниды.

Тәрбиеші: Балалар тәттіні көп жесендер тамаққа тәбеттерің болмайды, тағамды тауысып ішпеген баланың денсаулығы да дұрыс болмайды.

Еңбек әрекеті: «Пияз отырғызу»

Балалар топтасып пияз отырғызады.

Дәрігер: Осы еккен пияздарыңа күтім жасап, өздерін жеп, тағамдарыңа пайдаланыңдар, сонда тұмаумен ауырмайсыңдар!

Динара Қанатқызы Амангелді,

Ш. Жексенбаев атындағы орта жалпы білім беретін мектеп-бөбекжай кешенінің тәрбиешісі.

Ұялы ауылы,

Бөкей ордасы ауданы,

Батыс Қазақстан облысы.

Таңғажайып, алтын күз!

Мақсаты: күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Күз өнімдерімен таныстыру, олардың ағзаға пайдасын түсіндіру. Балаларды ән салуға, би билеуге, түрлі іс-әрекеттерге тарту бейімділіктерін арттыру. Шығармашылық ой-қиялдарының дамуына ықпал ету.

Жүргізуші: Құрметті ұстаздар, ата-аналар және кішкентай бүлдіршіндер! Мінекей, өлкемізге алуан түсті жапырықтарымен айналаны сары алтынға бөлеп күз де келді. Ендеше, алтын күзімізге арналған «Таңғажайып, алтын күз» атты мерекелік ертеңгілігімізді бастауға рұқсат етіңіздер.

Өнер десе жайнаймыз,
Сандуғаштай сайраймыз.
Алтын күзге арнаған,
Әнімізді шырқаймыз.

«Алтын күз» әні хормен орындалады.

- Балалар, бізге қонақ келе жатқан сияқты. Ол кім болды екен?

1-бала:

Ағаштардан жамырап,
Ұшты кенет жапырақ,
Ой, алақай тамаша,

Шашу шашты жапырақ.

Бақтың іші алаша.

(Жапырақтардан шашу шашылады)

Күз ханшайымы:

Сәлем менің достарым,

Өмірге көп қосқаным.

Күз сыйлығын алыңдар,

Сыйлығына қаныңдар.

Молшылыққа кенеліп,

Шаттық әнге салыңдар.

Жүргізуші: Сәлеметсіз бе, Күз ханшайымы! Біздің балалар сізді асыға күтті.

Күз ханшайымы: Рахмет, менің достарым! Ал, мен сендерге жұмбақ ала келдім.

Жұмбақ.

1. Ашулы қонақ бұл анық,
Тонын шешсе жыладық. (Пияз)

2. Сырты жасыл, қатты,
Іші қызыл, тәтті. (Қарбыз)

Жүргізуші: Балалар, күз ханшайымының алып келген көкөністері мен жемістері бар екен, сол жемістер мен көкөністерді ортаға шақырайық.

(Осы кезде жемістер мен көкөністер ортаны бір айналып шығады).



Сәбіз:

Мен сәбізбін қып-қызыл,
Сабақтарым тіпті ұзын.
Алтын күзде пісемін,
Аузыңа түсемін.

Қырыққабат:

Қабат-кабат тоным бар,
Күзде жинап алыңдар!
Үсіп кетем қыс түссе,
Қоймаға тез салыңдар!

Картоп:

Мен — ұялшақ картоппын,
Мен емеспін мақтанар.
Мені жақсы көреді,
Үлкендер мен балалар.

Алмұрт:

Бағымызда алмұрт бар,
Күз келгенде піседі.

Пияз:

Суыққа да төзімді,
Пизбын тым ашулы.
Байкамасаң көзіңнен,
Ағызамын жасыңды.

Бұрыш:

Кішкене түймедеймін мен,
Ұнаймын мен бәріне.
Дәмді тағамдарым мен,
Сый жасаймын бәріңе.

Жүзім:

Мен жүзіммін, жүзіммін,
Моншақ болып тізілдім.

Қияр:

Дәмім тілді үйірген,
Мен тұздалған күйімде.
Жаңа піскен кезімде,
Жейді бәрі сүйсіне.

Қызанақ:

Көз тартар қызыл түсіммен,
Бар ма адам сүйсінбей,
Томат шырын ішпеген.

Алма:

Мен алмамын, алмамын,
Тандай жұлар бар дәмім.

Шие:

Мен шиемін, шиемін,
Күннің көзін сүйемін.
Қышқыл шырын менде бар,
Төмен басты иемін.

Өрік:

Мен өрікпін, өрікпін,
Табиғатқа көрікпін.

Жүргізуші: Кішкентай бүлдіршіндеріміздің орындауында «*Күзгі жапырақтар*» биі.

Жүргізуші: Келесі кезекте күзгі жемістер мен көкөністер жасалған мүсіндерге кезек береміз.

Күз ханшайымы: Балалар, сендер өте өнерлі екенсіңдер, мен сендерге ризамын, енді сендерге алып келген сыйлығымды берейін.

Жүргізуші: Балалар, барлығымыз күз ханшайымының сыйлығына алғысымызды білдіріп, шығарып салайық.

Күз ханшайымы: Сау болыңдар, балалар.

Жүргізуші: Міне, балалар, осымен «*Таңғажайып алтын күз*» атты ертеңгілігіміз аяқталды. Сіздерді күз мерекесімен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, жанұяларыңызға бақыт тілеймін. Кішкентай бүлдіршіндеріміз бен бірге осы ертеңгіліктің өтуіне ат салысқан ата-аналарымызға мың алғыс айтамыз!

Аягул Мусагалиевна АБУГАЛИЕВА,
Шалғын негізгі орта мектебінің мектеп-
палды даярлық тобының тәрбиешісі.

Қаратөбе ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.

Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастыру

Коучинг сабағы-ның мақсаты	Жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттері, құқықбұзушылық пен қылмыс белгілері, түрлерін еске түсіру, оқушылардың құқықбұзушылығының алдын алу жұмыстарын үйлестіру тәсілдерін талдау, тиімді жолдарын анықтау.		
Коучинг нәтижесі	1. Жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттері жайлы бап-тарды, құқық бұзушылық, қылмыс белгілері және түрлерін біледі; 2. Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын бірге тал-дайды, оны тәжірибесінде қолданады; 3. Оқушылардың құқықтық тәрбиесін арттыруға ықпал етеді.		
Аудиториясы	Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, мектеп инспекторлары, сынып жетекшілер		
Табыс критерийі	Құқықбұзушылықтың түрлері, оларды қарастыратын құжаттар, бала құқықтары, құқық бұзушылықтың шығу себептері, оның алдын алу жұмыстарын үйлестіру тәсіл-дері, құжаттардың мазмұнын, түрлерін түсінеді, әдістемелік көмек алады		
Ресурстар	Үлестірмелі материалдар, А3 форматты қағаздары, стикер Дереккөздері: Слайдтар, презентация «Құқық бұзушылық түрлері», Сілтеме: ҚР Конституциясы кітапшасы, «ҚР кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңы (09.07.2004 ж. №591), Бала құқықтары туралы Конвенция, Бала құқығын қорғау туралы тұжырымдама, халыққа құқықтық көмек «Бала құқығы» жадынамасы.		
Коучтің әс-әрекеті		Мұғалімнің іс-әрекеті	Қажетті құралдар

Амандасу. Тренинг «Бірлесейік» Қатысушыларды 5-топқа бөлу	Тренингке қатысып, жағымды психологиялық ортаға бейімделеді, топқа бөлінеді	Музыка, буфер
Ой шақыру «Әріптік ребус» Құқықбұзушылық туралы ойымызды ортаға салайық, құ- қықбұзушылық дегенді қалай түсінеміз?	Құдық " " `ақ " "сауық бұ- ғаз" " `азу "аңшы "қылық («құқықбұзушылық» сөзі шығады) Қатысушылар өз ойла- рын білдіреді	Интерактивті тақта, слайд
I. Дереккөз: 1. Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жұмысты ұйымдасты- ру; 2. Құқықбұзушылық орын алған жағдайдағы жұмыстың алго- ритмі; 3. Мектеп инспекторымен бір- лескен жұмыс	Қатысушылар тақырып- қа қатысты қажетті ақпа- раттар алады.	Интерактивті тақта, слайд
«Сенім – менің серігім» тренингі	Қатысушылар түгел: 1. Жігер деген – Мен! 2. Күш деген – Мен! 3. Шыдам деген – Мен! 4. Кешірім деген – Мен! 5. Ұстаз деген – Мен! 6. Білім деген – Мен! 7. Денсаулық деген – Мен! 8. Адалдық деген – Мен! 9. Жарқындылық деген – Мен! 10. Ғажайып деген – Мен! Хормен: - Бәрі маған байланыс- ты, бәрі менің қолымда!	Интерактивті тақта, слайд

II. Практикалық жұмыс: 1-топ: Құқықбұзушылықтың алдын алу шараларын ұйымдастыру; 2. Құқықбұзушылықтың орын алу себептері; 3. Құқықбұзушылық жағдайынан кейінгі жұмыстанудың жолдары; 4. Құқықбұзушылықтың алдын алу жұмысы бойынша біріккен жоспар құру; 5. Құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты жобалар, әдістемелік іс-шаралар.	Қатысушылар топта талқылап, жұмыстарын таныстырады.	А3 формат қағаздар, түрлі-түсті фломастерлер. Магнитті тақта, магниттер.			
III. Кері байланыс: «ҚР кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңынан сұрақтар қою (09.07.2004 жыл, №591)	«ҚР кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» заңынан сұрақтарға жауап береді.	«ҚР кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңы			
IV. Рефлексия. «Плюс, Минус, Қызықты» әдісі. Қатысушылар тақырып бойынша кері байланыс береді, «+» — коучинг барысындағы тиімді болған тұстары айтылады; «-» — коучингтегі жетілдіру керек сұрақтар қарастырылып, ұсыныс беріледі. «!» — жұмыс барысындағы ұтымды, қызықты болған ерекше ой-пікірлер білдіріледі.	Рефлексия. «ПЛЮС, МИНУС, ҚЫЗЫҚТЫ» <table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr> <td style="width: 33%; padding: 5px;"> «Плюс» — оң әсер еткен фактілерді, алған бағдарды жайы жазды. </td><td style="width: 33%; padding: 5px;"> «Минус» — «көптеген келмей жатыр» немесе «түсініксіз болып тұр» деген ойларын жазды. </td><td style="width: 33%; padding: 5px;"> «Қызықты» деген бағана өздеріне не қызықты болды немесе не жайында көбірек білгісі келеді соны жазды. </td></tr> </table>	«Плюс» — оң әсер еткен фактілерді, алған бағдарды жайы жазды.	«Минус» — «көптеген келмей жатыр» немесе «түсініксіз болып тұр» деген ойларын жазды.	«Қызықты» деген бағана өздеріне не қызықты болды немесе не жайында көбірек білгісі келеді соны жазды.	Интерактивті тақта, слайд.
«Плюс» — оң әсер еткен фактілерді, алған бағдарды жайы жазды.	«Минус» — «көптеген келмей жатыр» немесе «түсініксіз болып тұр» деген ойларын жазды.	«Қызықты» деген бағана өздеріне не қызықты болды немесе не жайында көбірек білгісі келеді соны жазды.			

Жұлдыз Төлегенқызы СЕЙТОВА,
№42 «Ақ ниет» гимназиясы директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп
тренері.
Орал қаласы,
Батыс Қазақстан облысы.

Берекелі шаңырақ

Жамбыл облысы, Меркі аудандық «Үміт» оқушылар сарайында аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Берекелі шаңырақ» ата-аналар қоғамдық кеңесі құрылып, алғашқы отырысы болып өтті.

Ұйымдастырылған іс-шараға аудан әкімінің орынбасары — Беғалиев Берік Дүйсенбайұлы, аудандық білім бөлімінің басшысы — Айгерім Аханқызы Алтынбаева қатысты. Қоғамдық кеңес бала тәрбиесіндегі ақсақалдар мен әжелер рөлін арттырып, әкелер мен аналардың ортақ жұмыстар жүйесін қалыптастырады. Қоғамдық кеңес «Ақсақалдар қоғамдық кеңесі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебінің» жұмыстарын біріктіреді және ауданның білім мекемелерінде көшпелі іс-шараларды ұйымдастырады. Кеңесте білім бөлімінің басшысы А. Алтынбаева аудан мектептеріндегі осы салада атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, бала тәрбиесіндегі отбасының алар орны мен маңыздылығын, бүгінгі таңдағы өзектілігін атап өтті. Сонымен қатар, аудандағы отбасы және бала тәрбиесіндегі туындап жатқан мәселелерге және ұлттық тәрбиенің басымдылығына назар аударылды. Бұл — жаңа бастама ата-аналар тарапынан қолдауға ие болды. Меркі ауданының білім бөліміне қарасты 15 мектебінде «Ақсақалдар кеңесі», 16 мектепте «әжелер мектебі», 30 мектепте «әке-

лер мектебі» және «Аналар мектебі» отбасылық қоғамдық ұйымдары құрылып, жоспарға сай іс-шараларды жүзеге асыруда. Қыркүйек айында «Отбасы — бақыт мекені» атты республикалық апталық өтті. «әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» тақырыбында онлайн видео топтамалар байқауы ұйымдастырылды». «Ер бала — ертеңнің тізгіні» атты онлайн жиналыс, «Анасына қарап қыз өсер» тақырыбында дәрістер оқылды. «Асқар тауым — тірегім» байқауына 14 отбасы қатысып, 3 отбасы облыстық кезеңге өтті. «Жарысқа шық, жанұя!» тақырыбында спорттық сайыстар өткізілді. Бала тәрбиесі әрдайым басты назарда, сондықтан да осы бағытта бірлесе жұмыс жасау — баршамыздың ортақ міндетіміз деп білеміз. «Берекелі шаңырақ» ата-аналар қоғамдық кеңесінің 2020-2021 оқу жылында жаңадан жасақталған құрамы мына төмендегідей сайланды:

Ата-аналар комитетінің төрайымы — М. Абдрешова, «Ақсақалдар қоғамдық кеңесі» төрағасы — С. Құралбаев, «Аналар мектебі» төрайымы — Ә. Боранқұлова, «Әкелер мектебі» төрағасы — Ғ. Арыстанбаев білім бөлімінің 101 бұйрығымен бекітілді. Аудан әкімінің орынбасары Б. Беғалиев аудандағы отбасы категорияларымен таныстырып, туындап жатқан мәселелерді талқылады. Білім бөлімінің басшысы А. Алтынбаева

аудан мектептеріндегі атқарылып жатқан жұмыспен таныстырып өтті. «Ақсақалдар кеңесі» төрағасы С. Құралбаев, өз сөзінде көптеген пайдалы пікірлерді айтты. Бұдан былай барлық мектептің ата-аналар комитетінің төрайым, төрағалары арнайы чат ашып, барлық мектеп оқушыларын үнемі қадағалауда ұстап, үздіксіз тәрбие беру керектігі айтылды. «Оқуға құштар

мектеп» жобасы аясында оқушыларға 30 әдеби кітап оқуды қолға алып, нәтижесі қорытындыланып, қызығушылықтарын арттыру ұсынылды.

Ә. БОРАНҚҰЛОВА,
Аудандық Аналар мектебінің
төрайымы.
Меркі ауданы,
Жамбыл облысы.

Аналар – асыл жандар

Ана, ана, ана! Бұл үш әріптен құралған ана сөзінің мағынасы әр адам үшін түпсіз теңізден терең, жеті қат аспаннан да биік, мөлдір судан да тап-таза. Әлемдегі ең қымбат, ең асыл жан ол – ана. Себебі ол түн ұйқысын төрт бөліп, бізді бағып-қақты. Ана бір қолымен бесік тербетсе, ал екінші қолымен әлемді тербеткен. «Жұмақтың кілті – ананың табанының астында» - деп те соған байланысты айтады. Аяулы аналарымыз бізге жарық дүниені нәсіп етіп, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай мәпелеп өсірді. Қазірге дейін балам ешкімнен кем болмасын деп, күні-түні жұмыс жасап, барынша шапағатын шашады. Міне осы ұйқысыз түндері үшін, жасаған жақсылығы үшін, күндей нұрлы шапағатын шашқаны үшін сан мәрте алғыс айтамын. Мейлі мен қанша жерден анамды қуантсам да, мейлі әр түрлі асуларды бағындырсам да, түбінде анамның жасаған жақсылықтарын

өтей алмаймын. «Ағайын алтау, ана-біреу» - демекші, шынымен бұл өмірде бізді өзінен де жоғары санайтын анамыз біреу. Бір күні бармыз, бір күні жоқпыз. Міне, сол себепті үнемі, қиын-қыстау кезде аналарымыздың жанынан табылайық. Кім білсін, бәлкім, біз бұл уақыттарды кері қайтара алмауымыз да мүмкін. Сол себепті, ешқашан аналарымыздың көңіліне кірбің түсірмей, біз де шапағатымызды шашайық. Бір сөз айтпастан бұрын ойланып көріңіздерші... Ана сізге өмір сыйлады, ұйқысыз түндерін өткізді. Ал, сіздердің айтқан сөздеріңіз соған сай келеді ме? Жоқ, әрине. Сол себепті уақыт барда аналарымызды қадірлейік.

Инабат БУПИНА,
Д.А. Қонаев атындағы №44
мектеп-гимназиясының 6 «е» сынып
оқушысы,
«Жас тілші» үйірмесінің мүшесі.
Орал қаласы.

Ана – өмір гүлі

Мақсаты: оқушыларға аналарды құрметтеп, оларға үнемі қол ұшын беріп отыруды үйрету.

Міндеті: «Ана» атымен байланысты қасиетті ұғымдар туралы пікір бөлісу.

Көрнекілік: баннер, бейнетаспа, ұнтаспа, түсті суреттер, домбыра, баян, фортепиано және қобыз аспабы.

- Қайырлы күн, құрметті ақ жаулықты аналар, әжелер, ұстаздар және қыздар!

Адам баласы үшін ең аяулы, ең қас-терлі, қадірлі сөз – АНА.

Саз мектебі оқушыларының мерекелік концертіне қош келдіңіздер!

1-оқушы:

Жер бетінің ғұмыры,
Күн нұрымен тарайды,
Барлық үйдің жылуы,
Аналардан тарайды

2-оқушы:

Өмірде ана – бұлақ, ана – пана,
Өмірді өркендетер ана ғана
Өсірген талай көсем, талай шешен,
Талай ер, талай ақын, талай дана

3-оқушы:

Бал бөбегін баптаған,
Анам үшін мақтанам.
Аялайтын біздерді,
Көп жасасын жақсы адам.

4-оқушы:

Ақ жүректе сақтаған,
Жарқын күлкің бақ маған.
Ақ бетіңнен сүйейін,
Келші, келші ақ мамам.

5-оқушы:

Бала, бала, бала деп,

Түнде шошып оянған.
Түн ұйқысын төрт бөліп,
Түнде бесік таянған.

6-оқушы:

Аспандағы айымсың,
Бақытыма балайсың,
Құтты болсын мерекең,
Айналайын жан анам.

7-оқушы:

Ананың біз гүліміз,
Ана – біздің күніміз.
Ұландарды қуанып,
Ұзақ өмір сүріңіз.

8-оқушы:

Бал бөбегім баптаған,
Анам үшін мақтанам.
Аялайтын біздерді,
Көп жасасын жақсы адам.



9-оқушы:

Ойнаймыз, күлеміз,
Жарқылдап жүреміз.
Ананы сыйлаймыз,
Айтқанын тыңдаймыз.

10-оқушы:

Ардақты ана, аяулы ана, қымбат-
тым,

Тәтті ұйқынды бөліп талай түн қат-
тың.

Өміріме нәрін берді ақ сүтің,
Кең құшағың — аясындай гүл бақ-
тың.

11-оқушы:

Мен өзіңмен қайда болсам біргемін,
Махаббатың жүрегімде жүр менің.
Күн нұрындай жадырай бір күл-
генің,

Қандай жақсы ортамызда жүргенің!

12-оқушы:

Мен анамды сүйемін,

Сөзін ойға түйемін,
Анашымды ардақтап,
Басымды оған иемін.

13-оқушы:

Тендесі жоқ данасын,
Арқа сүйер панасың.
Еңбегінді ақтаймын,
Аман болшы анашым.

14-оқушы:

Құтты болсын, ақ анам,
Сегізінші наурыздың!
Қасымда бол әрқашан,
Жансын жарық жұлдызың,
Тілейді бақыт бір саған,
Әлпештеген ұл-қызың.

1. Ендігі кезекте «Қайда» әнімен
Лимар Альмираны ортаға шақырамыз.

2. В. Моцарт «Аллегретто», орын-
дайтын Есенғазиева Аружан.

3. «Мама» әнін орындайтын хор.
Жетекшісі: Серікқалиқызы Айнамкөз.



4. Халық әні: «Қамажай», орындайтын Қабдол Айна.

5. «Шляпа» биі, орындайтын Есенғазиева Аружан, Тимурқызы Жұлдыз.

6. Э. Градескийдің «Мороженое» шығармасы. Орындайтындар «Дала сазы». Республикалық байқауының лауреаттары: Саркулова Назерке, Амангелдіқызы Алина, Мақсот Карина, Губайдуллина Айнара, Амангелді Ырысханым.

7. Орыстың халық әні: «В саду ли в огороде» орындайтын Лимар Альмира.

8. Ән: «Ана-әке» орындайтын Мақсот Карина, Дендер Таңшолпан.

9. Сүгірдің күйі «Бозінген», баян аспабында орындайтын «52-облыстық жас музыканттар байқауының лауреаты Гайдар Әмірхан.

10. Халық күйі «Тепеңкөк» орындайтын Ғылым Анель.

11. «Қызғалдақтар» ансамблінің орындауында орыстың халық әні «Калина».

Орындайтындар: Ермек Исмира, Дендер Таңшолпан, Қайырғали Жанерке.

12. Ән: «Ана», орындайтын Мақсот Карина.

13 «Смешарики» биі, орындайтын Есенғазиева Аружан.

14. Ән: «Туған ел» орындайтын Мақсотқызы Назар.

- Құрметті көрермендер! Ақ жаулықты аналар, әжелер және қыз балалар! Осымен мектеп оқушыларының әзірлеген мерекелік концерті аяқталды. Көңіл қойып тындағандарыңызға көп рахмет. Қош сау болыңыздар!

**Гүлия Закарияқызы
ЖУМАҒАЛИЕВА,**

Ақжайық аудандық балалар музыка мектебінің «Қобыз» класы оқытушысы.

**Орал қаласы,
Батыс Қазақстан облысы.**





Айшабибі ДОСОВА,
Облыстық дарынды балаларға арналған Абай атындағы
мамандандырылған мектеп-гимназия-интернатының 6-сынып
оқушысы.

Подстепное ауылы,
Теректі ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.

Кітап – алтын қазына

Кітап — алтын қазына,
Қарамайды жасына.
Бар білімін береді,
Кәрісіне, жасына.

Кітап оқитын адамды,
Оқымысты деп таниды.
Жалықпай кітап оқып көр,
Үйретпес ол жаманды.

Кітап — мақсат бастауы,
Біліммен көпке жеткізер.
Өзінің бар баптауы,
Әр жанды баурап үйретер.

Кітап оқысаң егер сен,
Мүлде жаман болмассың.
Білімінді жетілдіріп,
Озат оқушы боларсың.



Аянат НАЗБЕКОВА,
Облыстық дарынды балаларға арналған Абай атындағы
мамандандырылған мектеп-гимназия-интернатының 6-сынып
оқушысы.

Подстепное ауылы,
Теректі ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.

Кітап – білім бастауы

Кітап — білім бұлағы,
Білім — өмір шырағы.
Кітап оқып білім ал
Мектепке барып ұғып ал.

Кітап оқы жалықпай,
Шарықтай бер, қалықтай,
Кітап оқы талмай,
Қатарыңнан қалмай.

Бар білім бар кітапта,
Кітап оқыған Абай да.
Сауат ашу, әліппе,
Кітаптарды дәріпте.



Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері журналы

Құрметті оқырман қауым!

Қолдарыңызға тиіп отырған журнал мектеп, мектепке дейінгі, арнайы, жоғары оқу орындары мұғалімдері мен оқытушыларына, жалпы оқырмандарға арналған. Журналға «Казпочта», «Ернұрпресс», «Евразия Пресс», «Эврика-пресс» арқылы жазылған тиімді.

Жазылу ай сайын жүргізіледі.

Мекен-жайымыз: 050036, Алматы қаласы, Мамыр-2, 13-7.

Индекс 75489

**Қиын
алыңыз да,
жазылыңыз!**

		Басылым индексі АБОНЕМЕНТ	
«Мектептегі мерекелер тәрбие жұмыстарының сценарийлері»		75489	
Комплекті саны			
2021 жылға, айлары			
кайда			
кімге		(почта индексі)	(мекен-жайы)
(аты, жөні)			
ПВ		Тасымалдау карточкасы	
орны		75489	
		Басылым индексі	
Бағасы	Жазылу мекен- жайын өзгерту	...тенге ...тенге	...тиын ...тиын
		комплекті саны	
2021 жылға, айлары			
1	2	3	4
5	6	7	8
9	10	11	12
кайда			
кайда			
		(почта индексі)	(мекен-жайы)
кімге			
(аты, жөні)			